



**ЖАҚЫПОВА
ҮЙІ ЖОҚТАРДЫ
ТЕНТИРЕТІП
ЖІБЕРМЕК ПЕ?**

➔ 2-бетте

**ЛГБТ НАСИХАТЫНА
ТҮЙІМ САЛУ –
ЦЕНЗУРАНЫҢ
БАСТАУЫ МА?**

➔ 4-бетте

**Дидар Айдарұлы:
ТІЛДІ ҚЫСЫММЕН ЕМЕС,
МӘДЕНИЕТПЕН ДАМУ
КЕРЕК**

➔ 5-бетте

ЕСКЕКСІЗ ҚАЙЫҚ

«Қазақстанда қылмыс азайды, жол қауіпсіздігі жақсарды, интернет алаяқтықпен күрес күшейді». Бұл ішкі істер министрі Ержан Сәденовтің сөзі. Министр президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа есеп беріп жатқанда Талғарда тағы да бір 14 жастағы жасөспірім кісі қолынан қаза тапты. Оны өзінен жоғары оқитындар қараңғыға апарып, ұрып-соққан. Министр есебінде «жол қауіпсіздігі жақсарды» дегенді де айтты. Бірақ биыл адам өмірі мен денсаулығына зиян келген ауыр жол апаттарының саны бір жылда 54 пайызға өскен.

Тұрсынбек БАШАР

**СӘДЕНОВТІҢ
ӨТІРІГІН ТАЛҒАР
ӘШКЕРЕЛЕДІ**

Сәденов Тоқаевқа қандай есеп берді?

19 қарашада ішкі істер министрі Ержан Сәденов президент Тоқаевқа елдегі криминалдық ахуал туралы есеп беріп, қылмыс деңгейінің төмендегенін, жол-көлік оқиғаларынан қаза тапқандар саны азайғанын және интернет алаяқтықпен күресте елеулі нәтижелер барын мәлімдеді. Министрдің айтуынша, 2025 жылдың алғашқы 10 айында елде тіркелген қылмыс саны өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 5,3 мыңға кеміген. Сонымен бірге барлық негізгі қылмыс түрлері бойынша көрсеткіштердің төмендегені және қылмыстардың ашылу деңгейінің жақсарғаны хабарланды. Мысалы, отбасылық-тұрмыстық қылмыстар саны 8 пайызға, оның ішінде адам өліміне соқтырған оқиғалар 26 пайызға азайыпты. Сәденов ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрестегі жетістіктерге айрықша тоқталыпты. Биылғы 10 айда 185 қылмыстық топ құрықталып, ауыр және аса ауыр қылмыстардың жолы кесілген.

➔ 3-бетте



**СӘБИЛЕРДІ
КҮЛГЕ
КӨМГЕН
ЖЫЛДАР**

Адам өмірі бәрінен қымбат деген қағидаға Қазақстан тұрғындарын сендіру қиын. Жемқорлық жайлаған жүйе азаматтардың бас амандығына кепілдік бере алмайды. Елде сан мәрте үй өртеніп, сәбилер жалын құшты, қайта-қайта кеніш құлап, қаншама кенші жерастында қалды! Әскерге аттанып, қайтпай қалған жастар мен алыс сапарға шығып, тасжолда апатқа ұшыраған жолаушылар тағдыры да көп жайдан хабар береді. Осының бәрі қазақ қоғамының қауіпсіздігі қай деңгейде деген сұрақ туғызады.

Қуаныш ҚАППАС

Осы апта қазақ қоғамын тағы бір қайғылы оқиға есеніретіп кетті. 18 қарашаның таңында Түркістан облысы Жетісай ауданына қарасты Алғабас ауылындағы жеке тұрғын үйде өрт шығып, 12 адам көз жұмды, оның тоғызы бала. Тағы 3 адам ауыр жағдайда емханада жатыр. Қолда бар ақпаратқа сүйенсек, ағайынды екі азамат бала-шағасымен бір үйде қонған. Өрген үйінің өзі мен жұбайы және 5 баласы, сондай-ақ қонаққа келген жеңгесі мен 4 баласы қаза тапқан. Ал үйінің анасы, ағасы және тағы бір бала жансақтау бөліміне түсті.

Дәрігерлердің айтуынша, олардың жағдайы өте ауыр.

Халық осынша ауыр қазаға өкініш білдіріп, аң ұрып жатқанда билік әдеттегідей істің салдарымен күресуге кірісіп кетті. Алдымен өрт себебін тергеп-тексеретін үкіметтік комиссия құрылды, оған премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев төрағалық етеді. Комиссия құрамына Төтенше жағдайлар, Ішкі істер, Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Түркістан облысы әкімдігінің басшылары енді.

Шенділер қабылдап жатқан шаралар да үйреншікті. Комиссия құрылды, қаза тапқандардың отбасына материалдық және медициналық көмек көрсетеміз дейді. Жергілікті әкімдік марқұмдарды жерлеуге қолғабыс етпек. ТЖМ мен ІІМ өрт себебін анықтап жатыр. Қылмыстық кодекстің 292-бабының 3-бөлігі бойынша іс қозғалған.

19 қараша күні таң ертең өткен Үкімет отырысында премьер-министр Олжас Бектенов Бозымбаевтың баяндамасын тыңдап, мұндай оқиғалардың алдын алу шарасын күшейтуді тапсырды. Бектенов пен Бозымбаев енді жаппай тексеріс жүргізбек. Атап айтқанда, Төтенше жағдайлар министрлігі өңір әкімдіктері және Ішкі істер министрлігімен бірлесіп тұрғын үй секторын, жатақханалар мен хостелдерді, әлеуметтік осал топ өкілдерінің үйін аралап, рейд жүргізеді. Рейд барысында үйдегі пеш жүйесінің жағдайы тексеріліп, ақау анықталса, жөндейді. Ал Мәдениет және ақпарат министрлігі мен әкімдіктер масс-медиа мен әлеуметтік желілерді пайдаланып, түсіндіру жұмыстарын жандандыруға міндетті болады.

➔ 2-бетте

МАЗАСЫЗ МҮЙІС

**РЕСЕЙ РОБОТЫ РИНГКЕ ШЫҚПАЙ
ЖАТЫП НОКАУТҚА ТҮСТІ**

2025 жылғы қарашада Мәскеуде таныстырылған AIDOL атты адам кейіпті жаңа роботтың сахнадағы дебюті күтпеген жерден аяқталды. Гуманоид бірнеше қадам жасап үлгермей жатып, теңселіп барып құлап қалды. Бұл сәттің бейнежазбасы интернетте лезде таралып, қоғам тарапынан кеңінен талқыланып, мазаққа ұшырады. Әлеуметтік желілерде ол сансыз мем мен әзілдердің өзегіне айналды. Көпшілік бұл оқиғаны жай техникалық ақау деп қана қоймай, астарында символикалық мән бар оқиға ретінде қабылдады.

**ӨЛЕМДЕГІ РОБОТ ЖАСАУ
ӨНДІРІСІНІҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ**

Бүгінде өлемде робототехника өндірісі қарқынды дамып, ірі державалар бұл салада өзара бәсекеге түскен. Өнеркәсіптік автоматтандыру өсірісе шапшаң өсіп келеді. 2023 жылдың соңында жаһан бойынша фабрикаларда 4,28 миллиард астам робот жұмыс істеп тұр. Бұл бұрын-соңды болмаған

рекордты көрсеткіш. Жаңа роботтарды ең көп жасап жатқан Азия мемлекеттері, әсіресе Қытай, 2023 жылғы өлемде жасалған әрбір екі жаңа роботтың бірі Қытайдың үлесінде. Қытай кейінгі жылдары робототехникаға орасан инвестиция құйып, 2022 жылғы жаһандық жаңа роботтардың 50 пайызын құрастырды. Жапония мен Оңтүстік Корея да көшбасшылар қатарында. Оңтүстік Корея өнеркәсіпте әр 10 мың жұмысшыға 1 012 роботтан келетін өлемдегі ең жоғары роботтандыру деңгейіне жетті.

➔ 4-бетте

ДӘУІРМЕН БЕТПЕ-БЕТ

**Балалар спектаклі.
Жаңа кәстөм киген ескі ертегі**

Адамның көз қуанышы бала екені – әуелден белгілі. Дегенмен «ең жақсысын баламызға берейік» деп ұрандатып жүріп, көп ештеңе бермей жатқанымыз да өкінішті-ақ. Әсіресе қазіргі қазақ театрындағы балаларға арналған контентті көре қалсаң, еріксіз ойланасың. Себебі де жоқ емес. Қазіргі балалар спектакльдерінің көркемдік табиғатына үңілсең, ең әуелі репертуар мәселесі алға шыға келеді. Елдегі театрлардың

басым көпшілігі жыл сайын 1-2 ғана премьералар ұсынады, онысы – «мерекелік» қойылымдар ғана. Бұл жерде сапа туралы айтудың өзі артық. Бірінің сапасы сын көтермейді, енді бірін бала түгелі, көріп отырған ересектің іші пысып кетеді. Бүгін «Жас Алаш» осы тақырып аясында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Біздің сауалымызға театртанушылар Амангелді Мұқан, Анар Еркебай және Тәңірберген Ембергенов қатысты.

Ж.А: Қазір театр репертуарларына көз салсаң, балаларға арналған спектакльдердің көпшілігі екенін көресің. Жоқ дей алмасың, бірақ санаулы спектакльді әдетте қайталап қоя береді. Себебі не? Кадр тапшылығының салдары ма әлде драматургия жоқ па?

А.М: Қазіргі театр репертуарында балаларға арналған спектакльдер шынында тым аз. Өзіңіз айтқандай, мүлде жоқ дей алмасың. Бар.

➔ 3-бетте

➔ 7-бетте

БАСПАСӨЗ-2026 БАСТАЛДЫ! «ЖАС АЛАШ» ЖАНЫҢЫЗДА БОЛСЫН!

Индекс Жеке жазылушылар 1 айға - 1 682,00 3 айға - 5 046,00
65365 үшін: 6 айға - 10 092,00 12 айға - 20 184,00

**«ЖАС АЛАШ» KASPI.KZ ҚОСЫМШАСЫ
АРҚЫЛЫ ДА ЖАЗЫЛА АЛАСЫЗ**

Индекс Кәсіпорындар мен 15365 мекемелер үшін:

Қалалар үшін:
1 айға - 2 511,20 3 айға - 7 533,60
6 айға - 15 067,20 12 айға - 30 134,40
Ауылдар үшін:
1 айға - 2 115,33 3 айға - 6 345,99
6 айға - 12 691,98 12 айға - 25 383,96

Кім жазықты?

Осыдан біраз уақыт бұрын сала мамандары «Қазақстанның әлеуметтік сақтандыру қоры дефолт алдына тұр» деп дабыл қаға бастаған. 2024 жылы бұл қор өзіне түскен түсімнен асыра жәрдемақы төлеген. Былтыр мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударым ретінде 637,5 млрд теңге түссе, жәрдемақы төлеміне 958,3 млрд теңге жұмсалған. Яғни, 320 млрд теңгеге артық төлем төленген. Мұның бәрі тегін болмай шықты.

Қарлығаш ЗАРЫҚҚАНҚЫЗЫ

Кіріс пен шығыс арасындағы мұндай айырмашылықтың неден туындағанын түсіндіргісі келген Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі шығынның өсуіне негізгі себеп жас аналарға төленіп отырған төлемдердің артуы деп салған. Министрліктің мәлімдеуінше, былтыр 790 млрд теңгеге жуық қаражат декреттік жәрдемақы мен бала күтіміне байланысты төлемдерге жұмсалған.

Қорда біршама қиындықтар болып жатқанын айтып жүрген министрлік былдан бастап Әлеуметтік кодекске өзгерістер ұсынған. Быыл жылдың басында-ақ еңбек министрлігі ережені өзгертіп, бұдан былай декреттік төлемдерге қатысты берілетін төлем 7 ең төменгі жалақыдан аспайды деп бекітті. Еңбек министрлігінің бұл шешімі біраз аналардың шамына тиген.

Енді декреттік төлемдерден бөлек, қазақстандықтардың кейбіріне жәрдемақы мен зейнетақы төлеу де тоқтатылмақ. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі былтыр жылдың соңына дейін Әлеуметтік кодекске осындай өзгерістер енгізуді жөн көріп отыр. Аталмыш министрлік «ҚР Әлеуметтік кодексіне міндетті әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына рет-ретушілік саясаттың консультативтік құжатын да әзірлеп қойды.

Жақыпованың көріне кімдер ілінді?

Ведомствоның мәлімдеуінше, қазіргі кезде мемлекеттік көмекке зәру 100 мыңнан астам адам тұрақты тіркеуге тұрмаған, олардың тіркеу туралы мәліметтері ақпараттық жүйелерге енгізілмеген. Тағы 28 мыңнан астам әлеуметтік төлем алушының жалдап тұратын үйінде уақытша тіркеуі ғана бар болып шықты. Министрлік енді заңға өзгеріс енгізу арқылы осы адамдарды шөміштен қақпақ. Осыған байланысты жаңа заң жобасында тіркеуі жоқ азаматтарға зейнетақы және жәрдемақы төлеуді тоқтата тұру қарастырылған. Егер азаматтар жәрдемақыны немесе зейнетақыны қайта алғысы келсе, нақты бір үйде не пәтерде ғана тұрақты және уақытша тіркеуге тұруға тиіс.

Бұдан бөлек, министрлік интернаттарда, арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында (АӨҚКО)

стационар жағдайында тұратын қарияларға, тура осындай орталықтарда тіршілік етіп жатқан мүгедектігі бар адамдарға және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандарға да төленетін әлеуметтік төлемдерді қысқартуды ұсынып отыр. Светлана Жақыпова басқаратын министрлік бұл адамдарға заңмен тиесілі төлемнің енді тек 30 пайызын ғана жеке мақсатқа жұмсауына қалдыруды жөн санайды, ал қалған 70 пайыз төлемін бюджетке алып қоюды ұсынды. Яғни, аталған санаттағы тұлғалар толығымен бюджет есебінен қамтылады. Ал оларға зейнетақы немесе жәрдемақы төлеу «қосымша қаржыландыру» болып есептеледі.

Министрліктің бізге берген мәліметінше, бұған қатысты арнайы талдау жүргізілген. Сонда көрсетілгендей, стационарлық үлгідегі АӨҚКО-ны ұстап тұру жергілікті бюджеттерге жылына 92 млрд теңгеден астам шығын өкеледі. 2025 жылғы мәлімет бойынша АӨҚКО-да тұратын зейнетақы және жәрдемақы алушылардың саны 21,2 мың адам. Сондай-ақ 1,6 мың зейнетақы және жәрдемақы алушы адам қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жатыр. Олардың бақылау шоттарына жіберілген зейнетақы мен жәрдемақы төлемдерінің жалпы көлемі 1,2 млрд теңгені құраған.

Айта кету керек, бұған дейінгі енгізілген заңнамалық түзетулерге сәйкес, қарттар үйлеріндегі қарияларға зейнетақысының тек 70 пайызын төлеу талабы бекітілген. Енді шенділер оларды одан да айырып, зейнетақысының тек 30 пайызын қалдыруды көздеп отыр. Мұндай қадамға аталмыш министрлік әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету мақсатында барып отырмыз дейді.

Алайда бұл жерде зейнетақы мен жәрдемақыдан тек Қазақстанда тұратын азаматтар ғана қағылатын түрі бар. Өйткені жаңа заңнамалық түзетулерде Қазақстан азаматтығы мен Қазақстанда тұрақты тіркеуі болса болды. Ал, шын мәнінде, басқа елде тұратын азаматтар бар. Заң жобасын талқылау барысында қоғам белсенділері осыны да мысал еткен. Мәселен, Ресейде өз атына тіркелген баспанасы, басқа мүлкі бар. Көрші елде жұмыс істеп, соның күшеюіне үлес қосады. «Бірақ Қазақстанның азаматтығын алып, қазақстандық тұрақты тіркеуге отырып алған, ай сайын қазақстандық зейнетақыны да шешіп алып, өз білгенінше және өзге

Жақыпова үйі жоқтарды тентіретіп жібермек пе?



елде жұмысайдандарға қандай жаза бар?» деген сауалдар да қойылған. Еңбек министрлігі ұсынылып отырған өзгертулерді мұндай азаматтарға қатысты жоқ екенін айтты.

Жапнай қысқарту проблеманы шешпейді

Қазір бұл жаңашылдықтар қоғамда қызу талқыға салынып жатыр. Қоғам белсендісі Гүлжанар Құрмашеваның пайымдауынша, зейнетақы мемлекеттің берген сыйлығы емес, оны азамат өмір бойы еңбек етіп, тірнекпей жинайды. Сөйтіп тапқан зейнет жинағын қартайған шағында кез келген жағдайда пайдалану керек. Қазақстан Конституциясының 28-бабында: «Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі» деп нақты жазылған.

«Ата Заңда бұл кепілдікті иелену үшін міндетті түрде тұрақты тіркеуге тұрсын» деген талап та жоқ дейді белсенді. Сол себепті қоғам белсендісі егер еңбектен өзінше осы өзгертулерді Парламент қабылдайтын болса, Конституциялық сотқа шағым түсіруге болатынын айтады.

Ал әлеуметтанушы - ғалым Меруерт Молдабаева министрліктің ұсыныстарын нақты деректермен салыстырып, қай тұстары қоғам игілігіне сәйкес келмейтінін көруге болады дейді.

«Министрлік «қаржылық тұрақтылық» дейді, бірақ бұл дәлел емес. Осы уақытқа дейін «қаржылық тұрақтылық орнатмау» деп қаншама жоба, қаншама бағдарлама жасалды, оның бірінен де пайда болған жоқ. Енді келіп зейнетақы мен жәрдем-

ақыдан кейбір азаматтарды қағуды өз басым құтпаймын. Министрлік «жалған схемаларды» тоқтату керек дейді. Бірақ «жалған схема» жүйесін пайдаланатын шағын топ үшін басқа азаматтарды жазалау дұрыс емес. Бұл арада шынымен тұрақты тіркеуге тура алатындай жағдайы жоқ, не баспанасы, не тұрақты тіркеуге отырғыза қоятын туысы жоқ, бірақ шынымен сол көмекке мұқтаж адамдар барын ұмытпауымыз керек. Меніңше, төлемді қып тастаудан гөрі, балама жолын ұсыну керек еді. Мысалы, әлеуметтік төлемдерді қысқарту орнына ақпараттық бақылау, цифрлық аудит күшейтілсін. Сол арқылы өзге елде жылжымалы мүлкі бар, сол елде тұратын, бірақ біздің азаматтықты алып, Қазақстанның зейнетақысын алып жүргендердің әрекеті әшкере болып, оларға да заң жүзінде талап қойылысін. «Жалған схемалармен» күрес жаппай қысқарту жолымен емес, нақты заңбұзушыларды анықтау арқылы жүргізілсін. Төлемдерді қысқартпай, орта тапты нығайту бағдарламаларына басымдық берісін. Сол кезде мәселе өзін-өзі шешіледі», – дейді әлеуметтанушы.

Маманның ойынша, төлемдер жүйесін халыққа әділ және түсінікті ету үшін төлемдерді есептеудің бірыңғай, ашық калькуляторын енгізу керек. Себебі қазір төлемдер күрделі формулалармен есептеледі де оны халық түсінбейді. Бұдан соң түсіндіру платформасын іске қосып, әр төлем туралы қысқа, қарапайым видео-нұсқаулар қажет. Қағазбастылықты азайтып, автоматты төлемдер үлесін көбейту керек.

Үйі жоқтың түгі жоқ

Ал «Аналитик» талдау және сараптау орталығының маманы, экономист-сарапшы Дәурен Арынның ойынша, әлеуметтік төлемге қатысты жалған

аударымдар мен жасанды жәрдемақы төлеуді анықтау үшін IT жүйесін жетілдіріп жатыр. Заң бұзғандарға тандамалы санкциялар, ал адал азаматтарға жеңілдіктер тәсілін қолдану керек. Әрбір шешімнің негізін онлайн түсіндіріп беретін жүйе іске қосылып, онда «неге сіздің төлеміңіз өзгерді?» деген сауалға толық жауап берілуі тиіс.

«Бұдан соң азық-түлік және коммуналдық шығындарды ескеріп, әлеуметтік төлемдер инфляцияға байланысты индексациялануы керек. Қазір әлеуметтік төлемдер инфляцияға ілесе алмай қалды. Осыған байланысты төлемдерді ай сайынғы нақты инфляцияға автоматты индексациялауды ұсынар едім. Бұл әсіресе кедейлік шегінде өмір сүретіндерге көмектеседі. Сосын ауыл тұрғындарына арнайы пакет жүйесін енгізгенді жөн санаймын. Ауыл мен қала арасындағы әлеуметтік теңсіздік өте жоғары. Министрлік осыған қатысты ауылдық аймақтарға арналған жеке әлеуметтік пакет жасау керек (жолдың қиындығы, жұмыссыздық, инфрақұрылым ташылығы). Ауыл әйелдеріне бала күтімі мен декреттік төлемдерге жеңілдетілген талаптар мен жұмыссыздыққа қарсы ауылдағы микро-гранттарды кеңейту қажет. Тіпті әділетті төлем жүйесін қалыптастырғысы келсе мүгедектігі бар адамдарға қолжетімділікті арттырсын. Мүгедектік рәсімін жеңілдетіп, «жыл сайын дәлелде» жүйесін алып тастасын. Балалар мүгедектігіне байланысты отбасының табыс деңгейін есептеп отыру да артық. Мен, керісінше, тұрақты тіркеуі жоқ азаматтардың зейнетақысын тоқтатқанда, баспанасы жоқ, тұрақты тіркеуі жоқ, табысы төмен азаматтарға қосымша мемлекет тарапынан төлем беру керек деп есептеймін. Барлық төлемдер, «мәртебе+индексация+жұжат» бір мобильдік қосымшада болсын. Алгоритмдер арқылы әр адамға автоматты ұсыныс беріліп, «Сіз мына төлемге құқылысыз, өтінім бересіз бе?» деген сауалнамалар жүргізілуі тиіс. Бұл бюрократияны күрт азайтады. «Жалған схеманы» да жоюды», – дейді экономист-сарапшы Дәурен Арын.

Ал министр Жақыпова зейнетақы мен жәрдемақыны қию әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттырады деп есептейді. Ол бұл өзгерістердің негізгі мақсаты – азаматтардың әлеуметтік құқықтарын шектеу емес, керісінше, төлем жүйесін әділ, ашық және нақты қажеттілікке сай ету деп сенімді сөйлеп отыр. Бір жағынан, министрлік «жалған схеманы» қып тастау арқылы бюджеттің қаражатын үнемдедік деп те «үлгі» көрсеткісі келетін болар...

1-беттен

Біздің билік бір жерден лап етіп өрт шықса ғана іске кіріседі. Ал оған дейін қол қусырып қарап отырады. Мысалы, 2023 жылы Алматыда заңсыз жұмыс істеген хостел өртеніп, 13 адам қаза тапқан соң ғана қаладағы хостелдерді тексеру басталды; Қарағандыдағы атақты «Қарметкомбинатты» үндістандық миллиардер Лакшми Митталдан алу үшін 46 кенші қайтыс болғанша (2023 жыл) күтті; Алматы қаласы өуежайының маңында заңсыз құрылыс жүріп жатқанын ұшақ құлап, 15 жолаушы көз жұмғанда (2019 жыл) ғана көрді. Сондай-ақ көпбалалы отбасыларға арналған әлеуметтік көмек те кінәсіз 5 бүлдіршінің өлімінен (2019 жыл) кейін ғана беріле бастаған. Үнемі кешігіп жүретін Үкімет тұрғын үйлердегі өрт қауіпсіздігін тексеру керек екенін де екі отбасының шаңырағы жанып кеткенде ғана аңғарып отыр.

Мүны көне сүрлеу деп бекер айтып отырған жоқпыз. Біздің елде шенділер болары болып, бояуы сіңгенде ғана қозғалып, оқиғаның салдарымен күресіп жүреді. Бірақ ешкім апат себебі неде, оған кім жауапты деген сұраққа бас қағырмайды. Зардап шеккендерге азын-аулақ өтемақы төлеп, шуды тыныштандыруға, ауыр қайғыны ұмыттыруға тырысады. Апат себебі анықталып, кінәлілер жауапқа тартылмаған соң проблема түбегейлі шешілмейді. Содан барып, мұндай қайғылы оқиғалар бірінен кейін бірі бола береді.

Салдармен күресу

Биліктің бұл жолы да қайғылы оқиғадан қорытынды шығарып, мұндай апаттардың алдын алуға білек сыбана кірісетініне сенім аз. Алда жұмыс қалай жүретіні шамамен түсінікті де. Біраз уақыттан кейін ТЖМ мен ІМ пәлен үйге тексеріс жүргіздік, түген үйден кемшілік таптық, оны түзедік, бәрін қатырдық деген есеп жариялайды. Сонымен болды. Бәрі ұмытылады. Тағы бір оқыс оқиға болғанша (Құдай сақтасын) Бектенов те, Бозымбаев та тыныш жатады. Айтпақшы, Үкімет түгес елдегі тұрғын үйлердің қауіпсіздігін тексере ме, әлде өрт шыққан ауылда ғана рейд жүргізе ме, белгісіз. Біздің билік бүкіл елде мұндай ауқымды жұмыс жүргізетініне сену қиын. Мүмкін қағаз жүзінде 100 пайыз тексеріп шығатын шығар.

Үкіметте айтылған тапсырманың толық орындалмайтынын премьер-министр өзі де білетін сияқты. Үкімет отырысында «Жылу беру маусымы басталғаннан бері тұрғын үй секторында өрт оқиғасының саны өсіп барады. Бұл мәселені қазан айында Үкімет отырысында қараған едік. Бірақ жағдайдың жақсарғанын өзінде көріп отырған жоқпыз», – дегенін естідік. Жыл сайын жүргізілуде тиіс деп армандамай-ақ қояйық, қазан айындағы талқылаудан кейін тексеру, түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүрсе, Алғабастағы қайғылы оқиға болмас па еді деген ой туады.

«Осы салаға жауапты мекемелер мен мамандардың жауапкершілігі жоғары болса, оқыс оқиғалардың алдын алар едік. Әр салаға, әрбір қауіпсіздік шарасына көңіл бөлсе, бәрі дұрыс болар еді. Ал біз үнемі проблеманың салдарымен күресеміз. Өтемақы береміз, бір-екі адамды жұмыстан шығарамыз. Сонымен барлық шаруа біткендей болады. Әрі бұл қоғамда әдетке айналып барады. Бұл

СӘБИЛЕРДІ КҮЛГЕ КӨМГЕН ЖЫЛДАР

үрдіс жетілген, кемелденген қоғамның келбеті емес. Кемелденген қоғам алдын алуың жолын іздейді. Ал бізде бәрі керісінше. Қай салаға көңіл бөлінбей жатыр, қай сала ақпан тұр деген моншолар жасалмайды. Қоғам біртұтас механизм. Бірге жұмыс істеп тұрған, басы бар, аяғы бар жүйе болу керек.

Егер әркім әр жақта, байланысыз жүре берсе мұндай әлеуметтануда фрагменталды қоғам дейді. Бір фрагмент анда, біреуі мында. Бізде де қазір дәл осылай біртұтастық жетіспей жатыр. Мұндай оқиғаға тұтас қоғам жауапты. Жауапкершілік болмаған соң әркім ойына келгенін істейді. Осының бәрін ескермекек, қайғылы жағдайлар қайталану береді. Біздің қоғамда жүйелілік жетіспей тұр. Әркім әр жаққа тартып, үзік-создық өмір сүріп жатыр. Ал оны біріктіру үшін халық Үкіметке сену керек. Ал Үкімет ашық қызмет жасау керек. Ақпарат ашық болуға тиіс. Жұрт бәрін білуі керек. Бірақ бізде көп нәрсе айтылмайды. Мысалы, Арыста, Таразда жарылыс болды, ешкім ешнәрсені мойындаған жоқ. Бұлай үн-түнісіз отыра берсек не болады? Ол өркендеті елдерге тән нәрсе емес. Өркендеті елдердің қасиеттерін сіңіру керек. Сонда ғана қоғамды ретке келтіруге болады», – дейді философия ғылымының докторы Серік Нұрмұратов.

Өрт табиғи апат емес

Біреулер жеке үйдегі апатқа биліктің қанша қатысы бар деуі мүмкін. Шенділер де осындай ойда жүргені анық. Өдетте мұндай апатқа тұрғындардың қауіпсіздік шарасын сақтамауы және газ, электр құрылғыларының дұрыс орнатылмауы себеп болады. Көп жағдайда стандарт сақталмайды. Мәселе осы жерден шығып отыр. Қауіпсіздік талабы мен стандарт сақталуын тексеретін қызметкерлерге ақша берсеңіз, қиықты түзу, сынықты бүтін деп жазып беруге дайын. Мысалы, заң бойынша үй салғанда, үйге газ, электр жарығы және су кіргізгенде жауапты мекемелер тексеріп, бәріннің қауіпсіз екеніне көз жеткізуі қажет. Бірақ бұл талап ешқашан сақталған емес.

Тіпті дамыған елдерде қауіпсіздік сезгертерін, өртке қарсы дабыл жүйесін орнатуға міндеттейтін заң бар. Бізде ондай заң жоқ. Заң болған күннің өзінде оның орындалуын бақылайтын органдардың жұмысына сенім аз. Жемқорлық жойылмаса, қағаз жүзінде жоқты бар, барды жоқ деп көрсете салу қиын емес. Бұл жерде азаматтардың да жауапкершілігі бар. Кей тұрғын жұмысты заң талаптарына сай жасауға құлықсыз болып, тексеруші қызметкерге пара ұсынуы мүмкін.

Қазақстанда жыл сайын 10 мыңнан аса өрт апаты болып, 300-ден аса адам көз жұмды. Мұндай оқыс оқиға көбінде тұрғын үй секторында болады екен. Бұл деректі 2023 жылы ТЖМ Өртке қарсы қызмет комитеті төрағасының сол кездегі орынбасары Марғұллан Аманбаев айтқан. Сондай-ақ елімізде жылына 12 мың өрт оқиғасы тіркеліп, 300-500 адам қаза табады деген ақпарат бар. Екі дерек те көңіл жабырқатады.

Қазақстанның көп бөлігінде жылу қосатын мерзім аса көп емес. Кей өңірде тіпті 2-3 ай ғана жылу қосады. Ал Скандинавия елдері 9 ай бойы қар жамылып, мұз құрсаын жатады. Бірақ бұл өңірде өрт апаты да, өмірін өрт жалмаған адамдар да біздегідей көп емес. Мысалы, Норвегияда жылына 50-ге жуық, Швецияда – 70-80 адам өрт апатынан қайтыс болады екен. Мұның бірнеше себебі бар. Ең алдымен, бұл елдерде тұрғын үйлер отқа төзімді материалдардан салынады. Біздегідей арзан, ағаш материалдардан үй соғу көп кездеспейді. Өр үйде міндетті түрде өрт сөндіргіш, өртке қарсы дабыл жүйелері, эвакуациялық есіктер болады. Үйдегі техникалық жабдықтарды үнемі тексерістен өткізіп отырады. Сондай-ақ бұл елдерде өрт қауіпсіздігі инспекциясы тиімді жұмыс істейді. Мекеме қызметкерлері ескертусі келіп, кез келген үйді тексеруге құқылы, олар стандарттың сақталуын қатаң бақылайды. Бұдан бөлек азаматтардың қауіпсіздік мәдениеті де жоғары. Барлық тұрғын қауіпсіздік талабын сақтауға үйренген, оқыс оқиға кезінде қалай әрекет етуді жақсы біледі. Мұндай алдын алу жұмыстары мемлекеттік деңгейде жүргізіледі.

Ал біздің елде жағдай қандай екенін жоғарыда айттық. Соның зардабын тартып та отырмыз. Жыл сайын 300-ден аса азаматымыз қызыл жалынның құшағында ажал құшып отыр. Олардың арасында балалар да көп. Өкінішке қарай, кейінгі бірнеше жылда өртеніп кеткен сәбилер жайлы көп еститін болдық. Быыл 4 маусымда БҚО Сырым ауданы Жымыпты ауылында жеке үйде өрт шығып, 5 сәби көз жұмды. Сәбилердің көзі тірісінде көмектеспеген облыс әкімі Нариман Төреғалиев қайғылы жағдайдан кейін ғана көмек көрсетем деп белсенген. Бірақ ол қатты кешікті.

Сондай-ақ 2019 жылғы Астанада ата-анасы түнде жұмысқа кеткенде үй өртеніп, бес сәби отқа оранды. 2021 жылы Жамбылда көпқабатты үйде пәтер өртеніп, бір үйдегі бес бүлдіршін көз жұмды. 2023 жылы қазанда Абай облысы Аягөз ауданында өрт бала өртенген үйде ыс тиіп қаза тапты. 2024 жылы қазанда Қостанай облысының Жітіқара қаласында жеке үйден өрт шығып, тағы 5 бала қаза тапты. Осы оқиғалардың бәрінде билік өзіне шаң жуытпай, баланы қараусыз қалдырған ата-ананы кінәлаған. Ешбір шенді мемлекеттік жүйе көпбалалы отбасыларға қажетті жағдай жасай алса, ешкім бекістен бөлі шықпаған сәбиді үйде қараусыз қалдырып, жұмыс істемес еді дегенді ойлаған жоқ.

2019 жылы 24 маусым күні Арыс қаласындағы әскери қойма жарылып, 3 адам қаза тапқан. Сол кездегі қорғаныс министрі Нұрлан Ермекебаев бұл жағдайды табиғи апат деп бағалап, халықтан кешірім сұраудан бас тартқан. Мұны айтып отырғанымыз, билік келіссөздікпен, жауапкершіліктің жоқтығынан болған оқыс оқиғаларды табиғи апатқа теліп, бұл бәрібір болатын жағдай еді дегенге халықты сендіргісі келеді. Өрт жер сілкінісі, су тасқыны сияқты табиғи апат емес. Жауапты шенділер жауапкершіліктен қашпаса, өрт қаупінің алдын алуға әбден болады.

Ескексіз қайық

1-беттен

Қылмыс шынымен азайды ма?

Сәденовтің бұл деректері расымен қуантарлық көрінеді. Есеп берген министрдің статистикасында «бәрі керемет, қылмыскердің жолын кесіп, жол ережесін бұзғандарды қоғадай жапырып ұстап жатырмыз» дегендей мағынаны аңғарсаңыз. Иә, ресми статистика қылмыстың азайғанын көрсетеді және министр келтірген 5,3 мыңға төмендеу дерегі негізсіз емес. Алайда бұл сандардың артында қандай факторлар тұр? Мұнда екі мәселеге назар аудару қажет: қылмыстың тіркелу деңгейі және қоғамның полицияға жүгіну белсенділігі. Сарапшылардың айтуынша, кейбір қылмыс түрлері бойынша азаматтар полицияға шағымданбайтын жағдайлар бар, әсіресе ұсақ ұрлық немесе



1-беттен

КІМ КЕЛМЕГЕН, НЕ КӨРМЕГЕН «ЖАС АЛАШ» БҰЛ...

Бұқаралық ақпарат құралына ақша құю, сол арқылы идеологиялық күрес жүргізу – билікке таластың ажырамас бір бөлігі. Оппозициялық алаңның бос қалуы да басылымдарды биліктің астауына көз сауға мөжбүрледі. Елден жылу жинап күн көреді дейтіндей, донат аудару мәдениеті қалыптасқан жоқ. Саяси арена тарылып болған, өңгіме асудан ұзамайтын уақытта қайдағы донат!

Мұндай себептердің бәрі бір-бірімен байланысып, өріліп кете береді. Қысқасы, осының бәрі газет атаулыны оқырманнан алыстата түсті. «Жаңашыл», өсіре заманауи, реформа құмар билік те, оның қалың армиясы да, былайғы жұрт та қолына «сотка» тиген күні газет дегенді ұмытып кетті. Одан бергі аралықта газет деген нәрсені білмейтін, қолына ұстап көрмеген буын қалыптасты. Енді бүгін қарасак, біздің негізгі оқырманымыз – ескі гвардия өкілдері болып қалыпты. Арнайы жазылатын да, дүңгіршектен сатып алатын да газет оқып өскен, өлі де қол үзбеген сол аздаған ақсақал буын (бәрі емес, әрине). Осы буын кеткен күні газет де жабылатын шығар деп, күрсініп отыратын редакторларды көп көрем.

«Жас Алашқа» редактор болғалы көзім жеткен бір нәрсе – бұл буын өкілдері біздің газетті ең алдымен саяси ұстанымы үшін оқиды. Бірақ, бүкіл бетті саясатқа толтырып қарап отыра алмайсыз ғой, әлдебір саяси ұйымның ұнпарағы болмаған соң, оқырманға әр сала бойынша барынша тәуір дүние ұсынуға тырысасын. Газет деген нәрсенің негізгі форматы да сол. Біздің бір өріптесіміздің туыс апасы, өзі өмір бойы мүғалім болған кісі екен, туыс інісі істейді дегесін «Жас Алашқа» жазылыпты. Қолына тиген күні хабарласыпты: «Газеттерің саяси тақырыпты көп жазады екен ғой, біз мұндайға үйренбегенбіз». «Саясат ұш-ақ бет қой, қалғаны бейкүнә тақырыптар, соларды оқи берсеңіз болады», депті інісі. Мұндай оқырманды ұстап тұру да үлкен күш.

«Жас Алашқа» келгелі естіп қалып жататын тағы бір сөз – әдебилендіріп жіберді деген кеп екен. Газеттің форматы деп қалдық, қалай дегенде де заңды нәрсе. Бірақ, салыстырып қарасаң, керісінше, көркем шығарма – поэзия, проза жанрын азайтыпсыз. Бұл жанрларға қырын қарағаннан емес, қолға сапалы дүние түсе бермейді. Ал көркемдігі, стилі ала-құла, шала сауатты әуесқойлардан қаптап келіп жататын шығармаларды бас-көз жоқ төпелеп баса беру мүмкін емес. Ал біреу жақсы шығарманы авторына қаламақы кесіп, қолқа салып сұрап алған кезіміз көп. Негізінен әдеби, мәдени, тарихи, заманауи мәселелерге байланысты арнайы материалдар ұйымдастыруға күш салдық. Бөрі көз алдыңызда, талдау жасап отырмай-ақ қойыңыз.

Біз күш салған тағы бір бағыт – сайт пен әлеуметтік желілер. YouTube-арна, Instagram, Tik-Tok, Telegram, Facebook парақшаларын аштық, бөрі өз алдына жұмыс істеп тұр. «Жас Алаш» – газеттен астам уақыт қазақпен бір жасасқан, ыстықты да, суықты да, жақсыны да, жаманды да көрген аяулы басылым еді. Заман алдынан тағы бір талқы құрған шақта жоғалып кетуі тиіс емес болатын. «Жас Алаш» ең алдымен бренд. Бүгін «Қазпочта» тасымалдау құнын аспандатып, соған орай, ішінде біз де бар, газеттер де бағасын көтеруге мөжбүр болып отыр, бұл да оқырманды кері тебугі мүмкін. Алдағы 5-10 жылда қандай күн туары белгісіз, анығы, бұлай кете берсе, не бүк, не шік дейтін тандау жасайтын сәт жақындап келе жатқан сияқты. Сол кезде «қағазынан басқа түгі жоқ екен», дегізбеу үшін брендті сақтап қана қоймай, заманға сай түрлендіріп, дамыта түсу керек. Сол үшін де жоғарыда аталған платформалар арқылы газетті де насихаттап, біздің бағыттағы өнімдерге түрлі жастағы оқырман, көрермен тартуға тырысып бақтық. Күніміз жатқа қарап қалған ауыр кезеңде, дәл ашаршылық кезінде ашылған газетті өз қолымыз өз аузымызға жеткен, тоқшылық уақытта өлтіріп алмаудың қамы.

«Жас Алаштың» таралымы үшін кіммен жаға жыртыспадық, кіммен «дос» болмадық. Бір жолы «Тираж үшін сайтанмен де тіл табысуға бармыз» деп едім, соның бәрі өтпелі уақытта газеттің аяулы атын ұмыттырып, өзін өлтіріп алмау үшін еді. Бірақ, бұл өтпелі кезең енді қаншаға созылады? «Бөленің бәрін 70 жылдық езгіге жауып жүріп, тәуелсіздіктің 35 жылын жеп қойыпсыз», – дейді бір өріптесім. Белімізді тіктеп, ышқырымызды байлап алайық деп жүріп, көп нәрсе көлеңкеде қалды. Соның бірі – осы оқу мәдениеті. Ешқандай құндылыққа сенбейтін, ертеден қара кешке дейін күнкөрістен өзгеше мойын бұруға шамасы жоқ, кешкісін қалжырап жатып, арзан телефонның бір ақтарып шығып, ұйқыға кететін қазақтың санасын тұрмыс билеп тұр! Ертең жақсы бір заман орнағанда (сондай бір уақыттың келеріне сенуден шаршамаймыз) жан-жағмызға қарағанда қарманып, түк таппай қалмау үшін де осы кезеңнен аман алып өтуге тиіс мұралар бар. «Жас Алаш» та сол мұралардың ішінде. Сіздің жазылуға қиған ақшаның – болашаққа салған инвестиция, тарихи мұраға жасаған қолдау екенін ұмытпаңыз.

Ал енді редакторлар ауыса береді. Кім келіп, кім кетпеген «Жас Алаш» қалады. Қара орман халық қалады. Ұрпақ жалғасады. Олар бізден әлдеқайда ақылды, бізден әлдеқайда мейірімді болады. Олардың ұлттық мұраға деген жанашырлығы да бөлек болады. Солар бүгінгі күнге көз салғанда міндетті түрде қолыңыздағы «Жас Алаштың» тігіндісін ашып қарайды. Сол кезде қиын-қыстау кезеңде сүйікті басылымын тастап кетпеген, арнайы барып жазыған сізге, сіз жұмсаған ақшаға алғыс айтады.

Жапонияда жалғыз үйлі қыстаққа тоқтайтын пойыз туралы естіп пе едіңіз? Станцияға тоқтап, қайта қозғалу қаншама шығын. Алып тастаса болды, уақытқа да, ақшаға да үнем. Бірақ, сол ақшаға жылдар бойы тұрған, пойыз жылдар бойы тоқтап жүрген. Күндердің күні станцияны алып тастайды. Сөйтсе, өлгі жалғыз үйдің жалғыз қызы мектеп бітіріп кетіпті...


...Өлгі өріптесіме: «Жас Алаш» соңғы оқырманы қалғанша өлмейді», – деп жауап бердім. Тіпеш-тіпеш, ол күннің беті аулақ. «Жас Алаштың» атының өзі айбар екен. Бізге дейін солай болған, бізден кейін де сонысынан танбасын деп тілеймін!

**Құрметпен,
«Жас Алаштың» оқырманы болып қала беретін
Алмас НҮСІП**

СӘДЕНОВТІҢ ӨТІРІГІН ТАЛҒАР ӘШКЕРЕЛЕДІ

тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларында. Тағы бір айтатын жайт, қылмыс азаюы үшін полиция қызметкерлерінің өзі алдымен тәртіп бұзбауы тиіс. Алайда елімізде заң бұзған тәртіп сақшылары БАҚ беттерінде жиі жазылады. Тіпті кейбірі қоғам назарына ілініп, талқыланып жатады. Мысалы, қазанда Қарағандыдағы учаскелік полиция пункттерінің бірінен өйелдің мәйіті мен ес-түссіз жатқан полиция қызметкері табылды. Қазір бұл оқиға тергеліп жатыр. Тамыз айында Жамбыл облысының полиция департаментінің орынбасары ұсталды, ал қыркүйекте полиция департаментінің бастығы Бақытжан Малыбаев қарамағындағылардың заң бұзуына байланысты отставкаға кетті.

Министр Ержан Сәденовтің баяндауынша, жол-көлік оқиғаларындағы өлім-жітім 2025 жылы 9,4 пайызға азайған. «Мемлекет басшысына жол қауіпсіздігі мен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында енгізіліп жатқан цифрлық шешімдер таныстырылды. Мәселен, дрондар көмегімен 6 мыңнан астам, орташа жылдамдықты өлшеу жүйелері арқылы 190 мыңнан астам жол жүру ережесін бұзу дерегі анықталды. Қабылданған шаралар нәтижесінде жол-көлік оқиғасы кезіндегі өлім-жітім саны 9,4 пайыз, соның ішінде мас күйінде көлік жүргізушілер кінәсінен болатын қайғылы жағдайлар 24 пайыз азайды» делінген хабарламада. Алайда ресми статистикада жалпы қылмыс саны азайғанымен, жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы жағдай керісінше ушығып тұр деуге болады. Қазақстан жолдары Орта Азиядағы ең қауіптілердің бірі саналады.



Мәселен, 2024 жылы жол-көлік апаттарынан 2 579 адам қаза тапты, бұл көрсеткіш соңғы он жылдағы ең жоғары сан болып тіркелді. Ал биылдың өзінде (қаңтардан қарашаға дейін) 1 916 адам жол апатынан көз жұмғаны хабарланды. Бұл тенденция жол қауіпсіздігі бағытында ілгерілеу жоқтығын, керісінше, жағдай күрделеніп жатқанын көрсетеді. ПМ Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары Ғалым Сарғұловтың айтуынша, жыл басынан бері 12 миллионнан астам жол ережесін бұзу дерегі тіркелген. Мұның барлығы полиция қызметінің бұл бағытта нәтижесі мардымсыз екенін аңғартады. Қаншама ресми есепте «жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету» шаралары атқарылып жатқаны айтылса да, көрсеткіштер көңіл көншітпейді.

Тағы да статистикаға жүгінейік, 2025 жылдың алғашқы жартысында Қазақстанда жол-көлік оқиғаларының саны ғана емес, олардың салдарының ауырлығы да айтарлықтай күшейген. Сақтандыру компанияларының дерегіне қарағанда, қаңтар-маусым айларында міндетті автосақтандыру аясында 74 мыңнан астам сақтандыру

төлемі жасалған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,6 пайызға көп. Сонымен қатар адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келген ауыр жол апаттарының саны бір жылда 54 пайызға өсіп, 15 698 дерекке жеткен. Мұндай мәліметтерді «Евразия» сақтандыру компаниясының аналитиктері Мемлекеттік несие бюросы, Бас прокуратура жанындағы Құқықтық статистика комитеті және сақтандыру төлемдерінің статистикасы негізінде келтіреді. Сарапшылардың есебінше, республика бойынша әр бесінші жол апаты – ауыр. Орта есеппен алғанда, Қазақстанда болған барлық жол апатының 21,3 пайызы адамдардың жарақат алуымен аяқталады. 2025 жылдың қорытындысында жол-көлік оқиғаларының жалпы саны 150 мыңнан асып кетуі мүмкін деген болжам жасалған.



жайғасты. Бұл жайт реформаның формалды сипатын көрсеткендей және ішкі істер жүйесіндегі «өз адамдарын қолдау» дәстүрі сақталып қалғанын аңғартты. Қоғам белсенділері бұған наразылық білдіріп, шынайы жауапкершілікке тарту жоқ екенін айтып, сынады да, бірақ нәтижесі өзгеріссіз қалды.

Талғарда тағы да қаза

Шерзат Болаттың қазасынан бері жыл өтпей жатып, Талғар ауданында тағы бір жасөспірім көз жұмды. 2025 жылы қыркүйекте 14 жастағы Әліханды қатарластары ұрған. Түн уағында төрт жоғары сынып оқушысы оны көшеде тоқтатып, қараңғы, камерасыз жерге өкеткен де, соққыға жыққан деген дерек бар. Басынан қатты жарақат алған ол 17 күн комада жатып, есін жимастан жан тапсырды. Бұл хабар талғарлықтарды тағы дүрліктерді. Ел ішінде «тағы бір Шерзат оқиғасы қайталанды» деген сөз тарайды.

Әліханның туыстары тергеу органдарына сенбей отыр. Әкесі Данияр Нұрғалиевтің айтуынша, баласын әлдекімдер әдейі оқшау жерге апарып соққыға жыққан, ал алғашқы тергеу қорытындысында «бала өзі байқаусызда құлап, жарақаттануы мүмкін» деген тұрғыда күмәнді болжам айтылған. Жеке сот-медициналық сараптама баланың жарақаттары өздігінен құлаудан пайда болды деп шешім шығаруға тырысқанға ұқсайды. Алайда ата-ана бұл қорытындымен келіспей, қайта тексеру талап еткен. Әліханның жақындары тергеудің әділ өтетініне күмәнданып отыр.

Оқиғаға қатысы бар деген оқушылар бастапқыда бостандықта жүрген. Әліханның өкінішін айтуынша, күдіктінің туыстары екі мәрте үйіне келіп, кешірім сұраудың орнына «қылмыстың авторитеттерді атап, Баха дегенді білесің бе?» деп қоқан-лоқы көрсеткеп болған. Тек қоғамда резонанс артқан соң, полиция істі бақылауға алды. Басты күдікті деп танылған оқушы қазір қамауға алынды, уақытша ұстау изоляторында отыр.

Бір жыл бұрын ғана жасөспірім өлімі болған ауданда дәл сондай қасіреттің қайталануы құқық қорғау органдарының профилактика, тәртіп орнату жағынан қауқарсыздығын көрсетеді. Шерзаттың өлімінен соң аудан өкімі мен күштік құрылым бастылары қызметінен кеткенімен, жағдай түбегейлі өзгермеген. Арада жыл өтпей жатып тағы бір жасөспірім құрбан болды. Демек, тек лауазымды адамдарды ауыстыру арқылы мәселе шешілмеген сыңайлы. Қоғамда өлі де заң үстемдігіне сенім қалыптаспай отырғанын осы қайғылы оқиғалар айғақтап отырғандай.

P.S. Ішкі істер министрлігінің ресми мәліметтері мен нақты өмірдегі оқиғалар бір-біріне сәйкеспей, діңкелді құрғады. Мысалы, қыркүйек айында жол апатынан 25 адам қаза тапты, тағы сол қыркүйек айында Таразда екі бірдей оқушы өлімжіткі салдарынан көз жұмды. Қоғамның құқық қорғау органдарына деген сенімі Сәденовтің есебінше өлшенбейді. Тәртіп сақшыларының рапортарында көрсетілген төмендетілген статистика халық көңіліндегі күдікті автоматты түрде сейілте алмайды.

Қоғам полицияға сенеміз ме?

Қоғамда құқық қорғау органдарына деген сенімсіздік өлі де сезіледі. 2022 жылғы Қаңтар оқиғаларынан кейін полиция мен күштік құрылымдардың өрекеті көптің көбіліне қаяу түсіргені мәлім. Кейінгі уақытта болған оқиғалар да бұл сенімнің орнына толық келмегенін аңғартады.

Соның бірі – көпшіліктің наразылығы туғызған Шерзат Болаттың өлімі. 2024 жылдың 4 қазанында Алматы облысы Талғар қаласында 16 жастағы жасөспірім Шерзат Болат кісі қолынан қаза тапты. Сол кезде де қоғам Талғарда ұйымдасқан қылмыстық топ бар екенін айтты. Оның бастыларының бірі ретінде Хасан Қасымбаевты да атады. Дегенмен ПМ елде ешқандай ОПГ жоқ деп мәлімдеді. Шерзаттың өлімі кезінде оның үйі өртенді, ағасы Нұрғанат Ғайыпбаев та жұмбақ жағдайда қаза тапты. Екі жағдайда да кінәлілер анықталмады. Ғайыпбаевтың өлімі суицид деп жарияланды. Алайда полицияның бұл мәлімдемесіне Н.Ғайыпбаевтың туыстары сенбеді. Наразылық танытқан Шерзаттың әкесі Қаржаубай Нұрымов 15 тәулікке қамалды. Осы оқиғалардың барлығы құқық қорғау жүйесінің беделіне қаншама нұқсан келтіріп жатты.

Шерзаттың қазасы елдегі полицияға деген сенімнің қаншалықты төмен екенін көрсетті. Бұл істің қоғамдық резонансына байланысты жоғары билік біраз лауазымды тұлғаларды қызметінен босатты. Талғар ауданында полиция бастығы ауысып, ішкі істер министрінің орынбасары Айдос Рысбаев та қызметінен кетті. Рысбаев бұл қызметте небәрі 11 ай отырған еді. Алайда бұл отставкалардың нәтижесі күткендей болмады – арада екі ай өтпей жатып, 2024 жылғы желтоқсанда Айдос Рысбаев қайта жоғары лауазымға тағайындалды. Ол ПМ министрінің бұйрығымен Көліктегі полиция департаментінің бастығы болды. Яғни, жанжал кезінде қызметінен кеткен шенеунік көп ұзамай өзге маңызды орынға



Асылбек ҚАРАЕВ, заңгер:

КСРО кезінен бері бізде статистиканы бұрмалап береді

– Бұған дейін де бірнеше рет айттым, ПМ орынбасары Бауыржан Өленов тергеу бітпей жатып, өздерінің статистикасына қарады да, «ОПГ жоқ» деп айта салды. Ол қызметкердің биліксіздігі деп білемін. Мен органда жұмыс істеген адам ретінде айтамын, КСРО кезінен бері бізде статистиканы бұрмалап беріп жібереді. Шынайы себебіне, басқасына мән бермейді. Өйткені прокурор да, басқасы да сол КСРО кезінен қалып кеткен.

Енді ОПГ-ға келейік. Әрине, «Талғарда ұйымдасқан қылмыстық топ бар ма?» дегенде бұл жақтан кеңесі бар, қолында мөрі бар «заңды» ОПГ-ны таба алмайсыз. Өйтпесе, ешкім ұйымдасқан топқа ұқсастарды, аяқ астынан болып жатқан қылмыстарды зерттеп жатқан жоқ. Бұлардың бәрін анықтап, зерттеу үшін

түпкілікті осы салаға реформа жасау қажет. Реформаның бастысы – ашықтық деген болу керек. Ашықтық болмаса, іс уақытында тергелмесе, ештеңе өзгермейді. Өкінішке қарай, жақында Талғарда тағы бір жасөспірім кісі қолынан қаза тапты. Мұндай жағдайда іс жүрмейді, көз жұмған адамның туыстары наразылық танытады. Сосын барып іс жүреді. 1-2 полиция қызметкері жұмыстан шығарады. Жұмыстан шығарғанда да қумады, өз қалауымен қызметтен кетеді. Шерзат ісінде де солай болды. Қызметкерлерден ешкім жазаланбады. Осының барлығы құқық қорғау қызметкерлерінің жауапкершілікке тартылмайтындығынан. Олар солай болатынын білгеннен кейін «қарға қарғаның көзін шұқымайды» дегендей, бәрі іс жүзінде іске асырылады. Ешкім жауапкершілікке тартылмағасын осындай жағдай қайталану береді.



Алаң

ЛГБТ насихатына тыйым салу - цензураның бастауы ма?

Өткен аптада Мәжіліс «ЛГБТ насихатына тыйым салу» туралы заң жобасын қабылдады. Негізгі бұл бастама былтыр ЛГБТ насихатына қарсы петициядан кейін қолға алынған болатын. Үкімет петицияны ішінара қолдап, осы тақырыпта арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстарын дайындауды тапсырған еді. Дегенмен 3 министрлік те зерттеу қорытындысын ашық жарияламады. Бұл тақырып тек біздің қоғамда ғана емес, күллі әлемде дауға айналғалы қашан. Төменгі палата БАҚ пен әлеуметтік желілерде, жарнама мен онлайн платформаларда ЛГБТ насихатына тыйым салатын бұл заң жобасы балаларды «теріс ақпараттан», денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғауға бағытталған-мыс. Тыйымды бұзғандарға әкімдік жаза да қарастырылған.

Бір жынысты қатынастың насихатталуына біреулер қарсы шығып, мұны азғындыққа баласа, енді біреулер олардың құқығын таптауға болмайтынын айтып, мұны демократияның көрінісі санайды. Қалай десек те, бір жынысты қатынас тақырыбы күннен-күнге күллі әлемде шешімін таппаған күрделі мәселеге айналып барады. Былтыр 50 мыңнан астам адам қол қойған петиция үкіметке жолданып, ЛГБТ насихатына толық тыйым салуды талап еткен еді. Бірақ БҰҰ сарапшылары мұндай бастама Қазақстанның халықаралық міндеттемелерін бұзатынын мәлімдеген-ді. Әлеуметтік психолог Ләззат Бисенғалиеваның айтуынша, бұл шектеу шаралары халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді. Заң мәтініндегі жалпылама жазыла салған әрі нақтылық берілмеген бұл «насихат» ұғымы халықаралық тәжірибеде қауіпті деп танылады.

«Бұл заңның мақсаты – Балаларды қорғау», яғни, балалар назарын медиада, онлайн платформаларда және қоғамдық орындардағы ЛГБТ насихатынан қорғау делінеді. Әуелі осы ұран заңнамалық тұрғыдан және әлеуметтік практикада қалай жұмыс істейді деген сұраққа жауап беру керек сияқты. Мұн-

танып, елге қарсы операциялар басталған. Бұл заң жобасының сөйлеу бостандығын, теңдік қағидаларын және халықаралық міндеттемелерді қалай бұзатынына тағы бір нақты мысал», – дейді сарапшы.

Депутаттар заң жобасы «халықаралық тәжірибеге сәйкес» дейді. Олардың сөзінше, енгізіліп жатқан заң жобасы ешкімнің құқығын шектемейді. Алайда бұған дейін жеті халықаралық құқық қорғау ұйымы Қазақстан парламентін «ЛГБТ насихатына» тыйым салуды қарастыратын түзетулерден бас тартуға шақырған еді. Құқық қорғаушылардың пікірінше, ұсынылған түзетулер адам құқығын бұзып, елдегі ЛГБТ өкілдеріне қатер төндіруі мүмкін. Ал сарапшының сөзінше, мұндай заңнамалар медиадағы цензураға себеп болмақ.

«Қазір Ресей дербес интернет жасау үшін және оны бақылауда ұстау үшін жанталасып жатыр. YouTube, Instagram, TikTok сияқты танымал желілердің жергілікті аналогын жасап, өздеріне ыңғайлы контентті жүктеп жатқанына біраз болды. Ол кеңістікке біз де кіреміз. Ал мына қабылдаған заңның арқасында орыстың барлық платформалары дайн болғанда әлемдік платформалар «азғындықты насихаттап

1-беттен

Ал Жапонияда бұл көрсеткіш 419 робот шамасында. Ал АҚШ-та 10 мың жұмысшыға 295 роботтан келеді (әлемде 10-орын). Яғни, Азияның технологиялық алпауыттары роботтандыру қарқыны бойынша Бағыстан оқ бойы озық тұр.

Мұндай жетістіктерге жетуде жоғары технологияға

сауда орталығы, банк секілді қоғамдық орындарда ақпараттық кеңесші болып жұмыс істейді. Қызығы, Promobot өнімдерінің 65 пайызы шет елдерге экспортталады (33 мемлекетке), бұл ресейлік компанияға кірісін басым бөлігін шетелден табуға мүмкіндік беріп отыр.

Tesla Optimus (АҚШ) – Илон Маск таныстырған адам пішінді робот-прототип.

қол бұлғағаннан артыққа жарамайды. Бұл Ресейдің робот жасау тұрғысынан ғана емес, жалпы жасанды интеллект жарысында да қаншалық артта қалғанының көрінісі» деді. Расында, АҚШ-та Tesla-ның Optimus пен Figure сияқты, Бостон Дайнамикстің Atlas сияқты роботтары жүріп қана қоймай, билейді, салты жасайды, үй жұмыстарын атқарады. «Ал

техника саласының жалпы жағдайына аударды. Расында, Ресей бұл бөсекеде әлемдік көшбасшылардан едәуір кейін келе жатқанын жасырын емес. Мәскеу жылдар бойы қуатты ғылыми мектептерімен мақтана да, нақты робот өндірісі мен қолдану көрсеткіштері төмен. Мәселен, Ресей өнеркәсібіндегі роботтандыру деңгейі көп ілгері елдермен салыстырғанда әлдеқайда аз. Биылғы дерек бойынша ресейлік өндірістерде әр 10 мың жұмысшыға небәрі 19 роботтан келген (әлемдегі орташа деңгейі 10 мың жұмысшыға 162 робот). Ел үкіметі 2025 жылы бұл көрсеткішті 25-30 роботқа жеткіземіз деп мақсат қойған. Бірақ ол да Оңтүстік Корея, Жапония түгіл, әлемдік орташа деңгейден бірнеше есе төмен.

Ресейдің робототехникадағы әлсіздігі – қаржы және ресурстардың жеткіліксіздігі. Ресейдегі IT-технологияларға, оның ішінде робот жасауға бөлінетін қаражат көлемі АҚШ немесе Қытаймен салыстыруға келмейді. Кейінгі жылдары мемлекет «Цифрлық экономика» ұлттық бағдарламасы аясында робототехниканы дамытуға назар аударғанын мәлімдегенімен, іс жүзінде бұл сала негізінен бірнеше жеке стартаптар мен әскери қорғаныс кәсіпорындарына ғана арқа сүйеніп отыр. Білікті маман тапшылығы да өзекті – жоғары оқу орындарында робот техникасы мамандығы ашылғанмен, көптеген түлек шетелге кетуде не басқа табыстырақ салаларға ауысып кетеді.

Ресей қорғаныс-өнеркәсіп кешені робототехниканы әскери мақсатта пайдалану бағытында да қадамдар жасаған. Мысалы, FEDOR (Skybot F-850) атты андройд-робот 2019 жылы халықаралық ғарыш станциясына жіберіліп, біраз уақыт жұмыс істеп қалды. Алайда оның мүмкіндіктері күткен нәтиже бермеді: салмағы ауыр, адам төрізді ұзын аяқтары ғарыш жағдайында қажетсіз болып шықты, станция ішінде қозғалу үшін қол тіректерге жармасуды да дұрыс орындай алмады. Тіпті ресейлік ғарышкер Алексей Овчинин роботты қосу үшін он шақты рет әрекет жасау керекін айтып, ақыры «балғаман бір ұрып көрем бе?» деп өзілдеген. FEDOR жобасының жетекшілері де «робот ғарышта адамды алмастыра алмайды, келесі модельді адамға ұқсастырып болады» деп мойындады. Шынында, FEDOR бастапқыда құтқару жұмыстарына арналған деп жарнамаланғанымен, ел есінде оның тапаншамен нысана көздеп, оқ атқан видеосы ғана қалды. Кейіннен Ресей армиясы үшін «Маркер» атты жерүсті жауынгерлік робот платформасы жасалды. Маркер бастапқы сынақтарда автономды түрде жауынгерлік техникаға қарсы оқ жаудырып, нысаналарды өзі анықтай алғаны хабарланған. Тіпті оны 2023 жылы Украинадағы соғыс аймағына да апарып сынады деген ақпарат бар. Алайда ресми мәлімет бойынша бұл жобаны сериялық өндіріске енгізу жүзеге аспады.

Міне, осындай себептерге байланысты Ресей технологияларына қатысты шетелде біршама стереотиптер қалыптасқан. Кеңес дәуірінде өлемге танылған ғарыш техникалары мен қару-жарақ жүйелері болғанымен, робототехникада Ресей айтарлықтай өз орнын ала алмай келеді. Әлемдік нарықта өнеркәсіптік робот десе, жапондық Fanuc немесе швейцариялық ABB атауы ауызға бірінші түседі, қызмет көрсету роботтарында америкалық немесе қытайлық өнімдер үстем. Ресейлік роботтар өзінде сыртқы нарықта көп кездеспейді. Жоғарыда айтылған Promobot секілді бірнеше жекелеген табыстар бар болғанымен, жалпы алғанда, ресейлік роботтардың экспорты аз, өнеркәсіптік робот жүйелері шетелге іс жүзінде сатылмайды деуге болады. Тіпті ТМД көлемінде де қазақстандық немесе өзбекстандық кәсіпорындар жапон не қытай роботтарын сатып алғанды жөн көреді.

РЕСЕЙ РОБОТЫ РИНГКЕ ШЫҚПАЙ ЖАТЫП НОКАУТҚА ТҮСТІ

құйылған инвестиция мен жасанды интеллектіні (ЖИ) интеграциялау басты рөл атқаруда. Мәселен, АҚШ-та мемлекеттік бағдарламалар (DARPA секілді) мен жеке корпорациялар роботтарды дамытуға миллиардтаған доллар жұмсап келеді. Соның нәтижесінде соңғы үлгідегі адам тектес машиналар пайда болып жатыр. Мысалы, америкалық Boston Dynamics компаниясының Atlas роботы күрделі акробатикалық қимылдарды (жүгіру, салты, секіру) еркін жасап, тепе-теңдігін керемет сақтайды. Tesla компаниясының Optimus роботы және Figure стартапының гуманоидтары да адам еңбегін алмастыруға бағытталған жұмысшы-роботтар ретінде жасалып жатыр. Жасанды интеллектінің дамуы роботтардың үйрену қабілетін арттырып, күрделі, күтпеген жағдайларға бейімделуіне жол ашты. Сарапшылардың айтуынша, қазіргі озық роботтарға генеративті AI технологиялары тәжірибе жүзінде «жаттықтырушы» болып, оларды барған сайын ақылды ете түседі. Ал қоғамда роботтардың күнделікті өмірге енуіне қатысты пікір қақ жарылған: бір тарап олардың өндіріс тиімділігінің келілі десе, енді бір тарап жұмыс орындарына қауіп және этикалық қатер деп қарайды. Дегенмен көптеген елдің саясаткерлері робототехниканы стратегиялық басымдық санап, оны экономикалық бөсеке мен ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан қолдап отыр. Мысалы, Қытайдың «Made in China 2025» бастамасы аясында робот жасау – негізгі бағыттың бірі, ал Жапонияда халықтың қарғаюына байланысты үкімет роботтарды денсаулық сақтау мен күтім салаларына кеңінен енгізуді қарастырып жатыр. АҚШ пен Еуропа одағы да әскери және өнеркәсіптік роботтар әзірлеуге қомақты гранттар бөліп, тіпті құқықтық тұрғыда автономды жүйелердің жауапкершілік мәселелерін қарастырып келеді.

Әлемдік робот жасауда түрлі мақсаттағы модельдер жарыққа шығуда. Олардың ішінде жұртқа танылған бірнеше өгіллі роботтар бар: Atlas (АҚШ) – Boston Dynamics әзірлеген робот, адам сияқты тік жүріп қана қоймай, жүгіріп секіру, артық салты жасау сияқты ғаламат қозғалыстарға қабілетті. 2010 жылдары DARPA жобасы ретінде басталған Atlas бүгінде көпшілікке роботтардың мүмкіндігінің шексіз екенін көрсетіп жүр.

Sophia (Қытай/Гонконг) – Hanson Robotics жасаған әйел бейнесіндегі әлеуметтік гуманоид робот. 2016 жылы іске қосылған София адамдармен әңгімелесіп, бет-әлпеті арқылы эмоциясын білдіре алады. 2017 жылы оған тіпті Сауд Арабиясы символы-калық түрде азаматтық беріп, Софияны әлемде заңды тұлға мәртебесін алған алғашқы робот атандырды. Бұл оқиға жасанды интеллектісі бар машиналардың қоғамдағы орны туралы қызу пікірталас турғызды.

Promobot (Ресей) – қызмет көрсетуге арналған жартылай гуманоид роботтар сериясын шығаратын Пермь қаласындағы стартап. Promobotтың сөйлей алатын, адам келбетіне ұқсас роботтары мұражай,



Optimus өндірістік желілерде қарапайым тапсырмаларды орындап, ауыр заттарды көтеріп тасымалдауға бейімделіп жасалған. Қазіргі кезде ол жүру, заттарды тану және жинау бойынша сынақ кезеңінде. Маск оның болашақта зауыттарда және тіпті үй шаруасында еңбек күші тапшылығын жоюға көмектеседі деп болжайды.

Zerith H1 (Қытай) – 2025 жылы Қытай инженерлері құрастырған әлемдегі алғашқы қонақүй қызметкері-гуманоид. Бұл робот бөлмелерді жинап, қонақтарға қызмет көрсетуге арналған. Zerith H1 шаңсорғыштан бастап төсек жабдықтарын ауыстыру, еден тазалау, жуынатын бөлмелерді дезинфекциялау сияқты сан алуан әрекеттерді атқара алады.

Осындай озық үлгілер аясында ресейлік робототехниканың жағдайы қандай екені және жақын-да Мәскеудегі сөзсіз көрсетілімнің мәнісі не екені көптің қызығушылығын тудыратыны сөзсіз.

Ресейлік робот неге құлап қалды?

Мәскеу орталығындағы Тешнорак алаңында өткен жаңа технологиялар көрсетімінде ресейлік алғашқы антропоморфты робот AIDOL-дың таныстырылымы шоу ретінде басталып, күллі аяқталды. «Рокки» фильмінің өгіллі «Gonna Fly Now» гимнімен салтанатты түрде сахнаға шығып келе жатқан ақ түсті гуманоид алғашында бірнеше қадам жасап, көрермендерге оң қолын бұлғап амандасты. Алайда сол сәтте-ақ теңселіп барып, кенеттен тепе-теңдігін жоғалтып, құлап қалды. Шара ұйымдастырушылары дереу қара шымалдықты жауып, жиналған журналистер мен қонақтардың көзінше сүрінген роботты жасыруға ұмтылды. Екі ассистент жүгіріп шығып, құлаған машинаны көтеріп, сахнадан алып кетуге тырысып жатты.

Бұл оқиғаның бейнежазбасы мен суреттері әлеуметтік желілерде лезде таралып, қызу талқыға түсті. Шетелдік басылымдар жарыса хабарлап, Ресей технологиясы етбегінен құлағанды мысқылдап, ақпарат таратты. Мәселен, АҚШ-тың Fox Business арнасы бұл оқиғаны «Ресейдің алғашқы AI роботының маскалары дебит» деп бағалады. Шетелдік технология шолушысы Ланс Улаофф «Робот өзгеріп,

ресейлік роботтың түрі – еш дайындық көрмегені байқалды» дейді сарапшылар. Интернет қолданушылары да бұл жағдайды қалт жібермей, түрлі пародиялар мен мемдер тудырды. «Ресей роботы рингке шықпай жатып нокаутқа түсті» деп келемеждеді.

Қалай десек те, AIDOL-дың құлауы ақпараттық кеңістікте Ресейдің инновациялық имиджине соққы болып тиді.

Компания не дейді?

AIDOL-ды жасаған «Новая технологическая коалиция» қауымдастығының өкілдері бұл робот әлі сынақ кезеңінде екенін және орын алған жағдайды келесі модельдерді жетілдіруге сабақ деп білетіндерін айтты. Жобаны іске асырған «Айдол» компаниясының бас директоры Владимир Витухин жаңаланған прототипті түрлі ортада сынағандарын, алайда жаңа ортадағы жарықтың жеткіліксіздігі немесе тосын техникалық ақау құлауға себеп болуы мүмкін екенін жеткізді. Витухиннің айтуынша, келесі жолы мұндай қатені болдырмау үшін сенсорлар мен теңгерім жүйесін қайта қалдыру жұмыстары жүргізілімек. Компания өкілдері сондай-ақ AIDOL роботының мүмкіндіктерін тізбектеді. Оның бойында 19 сервомоторлы мимикалық «бет» бар, сол арқылы 12 түрлі эмоцияны көрсете алады, интернет-сіз оффлайн жұмыс істеп, адамдармен диалог құруға қабілетті деп мақтанды. Тіпті бұл роботтың 77 пайыз бөлшектері Ресейде жасалғанын жабықталған тұңғыш робот-гуманоид» деп дәріптеген еді. Алайда алғашқы қадамы сөзсіз шыққан соң, сырт көзде бұл оқиға ресейлік жоғары технологияның бүгінгі мен болашағына қатысты күмәнді күшейткендей болды.

Ресейдің робот жасау саласы қай денгейде?

AIDOL оқиғасы қоғам назарын Ресейдегі робо-



дай логика авторитарлық және консервативтік реформаларда жиі кездесетіні рас. Мұны «Балаға зиян келтіретін мазмұннан қорғау» қажеттілігі сылтауымен белгілі бір пікірлер мен өмірлік тәжірибелердің ашық түрде айтылуын шектеу деп түсіну керек. Тіпті егер негізгі назар балаларға бағытталса да, мұндай нормалар қоғамды түсінуіміз керек. Халықаралық тәжірибені қарастырсақ, екі кейстен маңызды сабақ алуға болады. Біріншісі – Ресей мысалы. Ресейде 2013 жылдан бері енгізілген «гей-пропагандасы» тәрізді заңдардың нәтижесі агрессия мен зорлықтың өсуіне, қоғамда стигма күшеюіне әкелген. Зерттеулер солай дейді. Мұндай заңдар уақыт өте келе ЛГБТ қауымдастығын жою емес, керісінше, жасыруға, қолдау іздеуден қорқып, медицина мен психологиялық көмекке жүгінбеуге мәжбүрлеген екен. Еуропалық адам құқықтары соты (ЕЧСР) 2017 жылы тиісті нормалардың сөз бостандығын шектейтін және кемсітуге әкелетінін дәлелдеп, сыни үкім шығарған. Екіншісі – Еуропадағы тәжірибе. Мысалы, Венгриядағы заңнамалар. Венгрияда мектептер мен медиада ЛГБТ мазмұнын шектеу туралы статуттар Еуропалық Одақ тарапынан сынға ұшырап, әлі күнге сот процестерімен тексеріліп жатқанын білеміз. ЕО сот жүйесі мұндай шектеулерді дискриминациялық және базалық құқықтарды бұзушы деп

жатыр» деген желеумен бұғатталады. Сосын «өз еркімізбен» орысқа бағынамыз. Ішкімізде не болып жатса да, ешкім білмейтін, араласа, көмектесе алмайтын кенестік темір шымылдық орнына қайта келуіміз мүмкін. Мұндай «насихатқа» қарсы заң жобалары – цензураның бастауы. Медиада, көркем фильмдер мен әдебиетке цензура қойылады, мектептерде білім беру бағдарламалары шектеліп, қоғамдық дискусия тарылады және үй жағдайында да өзін ашық сезінетін адамдардың медициналық-әлеуметтік қолдау алу мүмкіндігі төмендейді. Мысалы, мен жақында Мэтт Хейттың «Түн ортасындағы кітапхана» шығармасының қазақша аудармасын оқып шықтым. Кітап тіпті де ЛГБТ туралы емес. Бірақ бас кейіпкердің ағасы ЛГБТ өкілі болғандықтан, мұндай кітаптарға цензура қойылады. Ал кітаптың айтары одан да терең екені осы бір факті үшін ескерілмей қалуы мүмкін. Егер мемлекет шынымен балаларды қорғау мақсатында қозғалып отырса, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, оқытушылар мен ата-аналарға арналған ғылыми негізделген жыныстық тәрбие бағдарламаларын жасауы керек. Балаларға зиян келтіретін мазмұнды нақты анықтайтын және өрескел түрде шектейтін, бірақ саяси және мәдени мазмұнды цензура қоймайтын ережелер қабылдауымыз керек», – дейді Ләззат Бисенғалиева.

Сөруар БАҚБЕРГЕН

Айымгүл МАҚСҰТҚЫЗЫ

Өкпек жолаушы



Дидар АЙДАРУЛЫ,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері:

Оксфорд университеті – әлемдік білім мен ғылымның алтын ұясы. Мың жылдық тарихы бар бұл оқу орнында әр жылдары ақылымен әлемді аузына қаратқан Хокинг, Киплинг, Толкин сияқты ұлы тұлғалар білім алған. Ал бүгінде осы қасиетті білім ордасының төрінде қазақ тілінің үні естіледі. Бұл тек жеке жетістік емес, тұтас ұлттың рухани жеңісі. Сол жетістіктің шесі небәрі 28 жастағы қазақстандық жас ғалым Дидар Айдарұлы.

Бүгінде Дидар – Оксфорд университетінің тілдер факультетінде қазақ тілін шет тілі ретінде үйрететін алғашқы ұстаз. Оксфорд қабырғасында енді қазақ тілі де жеке пән ретінде оқытыла бастады. Алматы облысына қарасты Қарашоқы деп аталатын ауылда туып-өскен қарапайым ауыл баласының әлемнің ең беделді университеттерінің біріне дейін жетуі – шын мәнінде табандылық пен еңбектің жемісі. Ол қазір Оксфорд университетінде қазақ тілін үйретіп қана қоймай, қазақ мәдениеті мен руханиятын да дәріптеп жүр. Оның дәрістеріне қатысатын шетелдік студенттер қазақ халқының тарихы, әдебиеті

лады. Өйткені көбісі ғылымды ауыр әрі ақшасы аз сала деп ойлайды.

– Менің тілге деген қызығушылығым балалық шағымнан, үйде тұрған газет-журналдарды оқудан басталды. Кейін өзім сол газет-журналдың стилінде (көсемсөз стилі) қызығатын тақырыптарға сай мақала жаза бастадым. Кейін журнал беттерінен Мұқағалидың жырларын оқып, жаттауды өдетке айналдырдым. Мектепте оқып жүрген кезімде Мұқағалидың жыр мүшәйраларынан қалмайтынмын. Тіпті өзінің туған жері Қарасаға дейін шақырту алып, сол ауылда туып-өскен оқушылармен өлең оқып жарысатынымын. Өлең-жырға деген қызығушылықтан кейін сол жырдағы сөздің мәнін, әр дыбыстың, астарында үлкен тарих пен мәдениет жатқанын ерте түсіне бастадым. Мектепте жүргенде-ақ қазақ тілінің құрылымына, дыбыстардың табиғатына ерекше назар аударып, өзіме сұрақтар қоя беретінмін. Университетке түскенде бұл қызығушылық тереңдей түсті. Ғылым жолына келуімнің басты себебі де осы еді: күрмеуі шешілмеген сұрақтарға жауап алу, тілді тереңінен зерттеу.

– Оксфордта қазақ тілін оқыту идеясы қалай пайда болды, бұл бізге не береді? Жоба қанша уақытқа жалғасады? Мұны сұрап отырған

Тілді қысыммен емес, мәдениетпен дамыту керек

мен салтына, діні мен діліне айтарлықтай қызығушылық танытады. Дидардың сөзінше, кейбір студенттер қазақ тілін түркі әлеміндегі ең әуезді және поэтикалық тілдердің бірі деп бағалайды. Қалай десек те, шет елде тіліміздің, өнеріміздің, мәдениетіміздің насихатталғаны, танылғаны дұрыс-ақ. Бірақ осы бізде «шетелге танылу» десе соның астарында арзан мақтангершілік пен өлермендік жатқандай көрінетіні тағы бар. Өйткені «әлемді мойындаптық», «төрткіл дүниеге танылдық» деп ұзақ жыл үздікпеннен танылғанымыз да, жұрттың танғаны да шамалы. Содан да болар, «Оксфорд университетінде қазақ тілі оқытылып жатыр» деген жаңалыққа да бастапқыда екідәй оймен қарағанымыз рас. Оның үстіне қазақ тілінің жағдайы Қазақстанның өзінде жамал-жамал. Өлі маңдайы жарылып, бағы ашыла қойған жоқ. Мінберді қойып, есіктерді имене қағып, төменшіктеп күн кеіп келеді. Біз Дидар Айдарұлымен сұхбат барысында осы мәселені де сұрадық.

Сондай-ақ қазақ тілін шетелде оқытудың ерекшеліктері және ұлт тілінің болашағы туралы, жас ғалымның Оксфорд университетіндегі күнделікті өмірі жайлы әңгімелестік.

– Дидар, ең алдымен өзіңіз туралы айтып өтсеңіз. Қазақ тілін Оксфордта оқытатын ұстаз болу жолы қалай басталды?

– Мен Алматы облысы Кербұлақ ауданындағы Қарашоқы ауылында дүниеге келдім. Балалық шағым кезеңі далаң төрінде, ауыл өмірінің табиғи қарапайым ортасында өтті. Оксфордқа жол мен үшін үлкен жауапкершілік пен сенімнің нәтижесі болды. Артымда мемлекет пен ғылымды, мәдениетті қолдайтын идеялар тұр: мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжан және Оксфорд университеті мен «Бір-сөз» бастамасының басшысы Лейла Наджафзада. Осы адамдардың қолдауының арқасында қазақ тілі алғаш рет Оксфордта пилоттық жоба ретінде оқытыла бастады. Мен бұл университетте қазақ тілін үйретіп жатқан алғашқы оқытушымын, бұл атақ мен үшін үлкен құрмет әрі жауапкершілік.

– Не себепті лингвистикаға қызықтың? Бізде өдетте университетті бітірген соң көптеген жас маман оқытушылық жолды тандайды немесе журналист бо-

себепім, кейбір жобалар басталады да аяқсыз қалып жатады.

– Оксфордта қазақ тілін оқыту бастамасы жеке идеядан емес, бірнеше институционалдық деңгейдегі келісімдер мен қолдаудың нәтижесінде жүзеге асты. 2024 жылы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбек, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжан, сондай-ақ Оксфорд университеті «Бір-сөз» бастамасының директоры Лейла Наджафзада тарапынан қазақ тілін өлемдік академиялық ортада таныту және халықаралық ғылыми бағдарламаларға енгізу мәселесі көтерілді. Осы кездесулер мен келісімдер нәтижесінде Оксфорд университетінде қазақ тілін пилоттық зерттеу жобасы негізінде оқыту туралы шешім қабылданып, мемлекет тарапынан қолдау көрсетілді. Бұл жоба қазақ тілінің ғылыми өлеутінін арттырып, халықаралық аудиторияға жүйелі әрі заманауи әдістеменен ұсынылуына мүмкіндік береді. Қазір бағдарлама пилоттық кезеңде болғанымен, оның тұрақты курсқа айналу мүмкіндігі жоғары.

– Оксфордтағы алғашқы күніңіз есіңізде ме?

– Иә, ол күн өлі күнге дейін көз алдымда. Таңертең аудиторияға кіріп, есік алдында ілінген сабақ кестесінен өз атымының тұсынан «Kazakh Language Lecturer» деген жазуды көрген сәтте жүрегім дүрсілден кетті. Сол сәтте өз өмір жолымдағы емес, тұтас ұлттың тарихындағы бір кішкентай, бірақ мәнді бетбұрыстың куәсі болғандай әсерде болдым. Сол кезде ішімнен: «Қазақ тіліне деген осындай ықылас барда, біздің тілдің болашағы зор!» деп ойладым.

– Оксфорд студенттері қазақ тіліне қаншалықты қызығады?

– Қызығушылық өте жоғары. Қазақ тіліне келетіндер кездейсоқ студенттер емес, көбі – Орта Азия тарихы, түркі өркениеті, көшпенді мәдениеті, тілдер байланысы сияқты тақырыптармен айналысатын зерттеушілер. Олар үшін қазақ тілі – тек тіл емес, тұтас мәдени код. Кейбір қазақ тілін «түркі тілдерінің ішіндегі ең әуезді, поэтикалық тілдердің бірі» деп бағалайды. Мұндай пікірлерді естігенде ерекше қуанып қаласыз.

– Сабақ барысында студенттерге қазақ мәдениетін де таныстырасыз ба?

– Міндетті түрде. Қазақ тілін үйрету деген – тек грамматиканы, ережелерді үйрету емес. Әрбір сөздің астарында ғасырлар бойғы мәдениет, дәстүр, дүниетаным жатыр. Сол рухани тереңдікті түсінбей, тілді толық меңгеру мүмкін болмайды. Кейбір мәдени ұғымдар, мысалы, «шаңырақ», «кереге», сондай-ақ, «обал», «сауап» деген қазаққа ғана тән түсініктерді дәл жеткізу қиын. Өйткені бұл сөздер тек тілдік емес, рухани мағынаға да ие. Сол себепті әр сабақта қазақ мәдениетін де бірге түсіндіруге тырысамын.

– Қазақстан мен шетелдік білім жүйесін салыстырғанда қандай айырмашылық байқайсыз?

– Екі жүйенің де өз артықшылығы бар. Шетелде студенттің жеке көзқарасын, пікірін еркін білдіру мәдениеті қалыптасқан. Сондай-ақ студенттер өзара тәуелсіз. Ешқашан бір-бірінен емтихан жауаптарын көшірмейді, сұрамайды. Кез келген сұрақтың жауабын өзі табуға тырысады. Ал Қазақстанда теориялық-қолданбалы білімдердің ара-жігі берік. Ең тиімдісі – осы екі жүйенің ең жақсы тұстарын үйлестіру.

– Қазір сіз қандай ғылыми-зерттеу жүргізіп жатырсыз?

– Қазір мен қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесін жетілдіру жолында зерттеу жүргізіп келемін. Болашақта қазақ тілін цифрлық форматта дамытуға бағытталған зерттеу жұмыстарын жалғастырып келеді. Мақсатым – қазақ тілін өлемдік онлайн-білім кеңістігіне енгізу. Арнайы интерактивті платформа, бейнесабақтар, қолданбалы тренингтер жүйесін жасап, кез келген адамға қазақ тілін өз бетімен үйренуге мүмкіндік бергім келеді. Бұл тек тіл үйрету емес, ұлттық брендті қалыптастыру жолы.

– Оксфорд кітапханасында қазақ тілі мен ғылымына қатысты еңбектер бар ма?

– Байтұрсынұлы, Кеңесбаев, Ысқақов сынды тіл білімі классиктерінің еңбектерімен қатар, кітапхананың сирек қорында біраз көне әдеби жәдігерлер де сақталған. Бірақ, өкінішке қарай, олардың саны аз. Сондықтан мен де сол қорларды толықтыру бағытында ұсыныстар беріп, қазақ тіліндегі еңбектерді кітапханаға енгізуге атсалысып жүрмін.

– Қазақ тілін өлемге танғып жолында ең бастысы не деп ойлайсыз?

– Кейде қазақ тілін «күнделікті тұрмыс тілі» деп ғана қабылдайды. Бұл үлкен қателік. Қазақ тілі – ғылымның, өнердің, халықаралық қатынастың тілі. Ең бастысы – өз ісіңе сену. Ғылымға шынайы қызығушылықпен кіріссең, нәтиже міндетті түрде болады.

– Ауылда туып-өстім деп айтып қалдыңыз, Англияға, Лондонға бірден үйреніп кеттіңіз бе? Лондон туралы, оның жарқын, көлемді тұстары жөнінде айтып беріңізші. Университетте бір күніңіз қалай өтеді?

– Иә, мен шағын ауылда өстім. Лондон, өрине, өте үлкен мегаполис, қарбалас мен қарқыны белек. Бірақ Оксфорд университеті Оксфорд қаласында орналасқан. Бұл көлемі жағынан шағын, өте тыныш, бар болмысы білімге арналған қала.

Шамамен 150 мыңға жуық тұрғын бар осындай шағын қалада 100-ден астам кітапхана, 39 колледж бар. Қай көшеге барсаңы да, ғылым мен білімнің аурасы аңқып тұрады. Әр ғимарат, әр аудитория – зерттеу мен білімге толы кеңістік. Сондықтан маған Оксфордқа үйрену қиын болған жоқ. Керісінше, тыныш әрі академиялық атмосфера маған бірден таныс тәрізді көрініп, тез бейімделіп кеттім.

– Оксфорд туралы тарқатып айтып беріңізші, мысалы, ондағы адамдар, мәдениеттер жөнінде, күнделікті өміріңіз қалай өтеді, не сездіңіз, не түйдіңіз?

– Қазір Оксфордта тұрамын. Бұл білім-ғылымның рухани ортасы, мықты қала. Мұндағы адамдар бір-бірінің шекарасын, жеке өмірің қатты құрметтейді, тәуелсіз болуға тырысады. Студенттер емтиханда өз сұрағының жауабын білмей тұрса, жанындағы студенттен ешқашан сұрамайды, сұрақтың жауабын қайтсе де өзі табуға тырысады. Көпұлтты ортада жұмыс істей жүріп, әр мәдениеттің өзіндік әуені бар екенін сезіндім. Бірақ қай жерде жүрсем де, қазақы қасиеттер: қарапайымдылықты, қонақжайлықты, үлкенге құрмет көрсетуді ешқашан ұмытпаймын. Қазаққа ғана тән ұят болады, обал болады, сауап болады дейтін категорияларды да ұстанып жүремін,

мұны ағылшын аудиториясы түсіне бермейді, бұл түркі халықтарына ғана тән ерекше категориялар.

– Бізде өдетте өзге тілде сөйлеу үлкен мәдениеттіліктің, білімділіктің өлшемі секілді көрінеді. Англияда қандай, олар өз ана тілін қаншалықты құрмет тұтады?

– Қазір өлемде ағылшын тілі білім мен ғылымның тіліне айналған соң, «бүкіл адамзат сол тілде сөйлеуге тиіс» деген бір түсінік қалыптасқан. Бірақ Англияның өзі бұлай ойламайды. Олар үшін ана тілін құрметтеу – ең қарапайым, қалыпты әрі күнделікті нәрсе тәрізді. Өз тілінде сөйлеу үшін ешкім өзін ерекше санамайды, бұл олардың күнделікті тұрмысы. Сонымен бірге олар өзге тілдерге де өте ашық. Қазақ тілін үйреніп жүрген студенттеріме қарасам, олар тілді пән ретінде ғана емес, халықтың жүрегіне апарар жол, мәдениетті танудың кілті деп көреді.

– Сіздің ана тіліңізді Оксфорд студенттері қызығып үйренеді, сіз де оларға барынша ынтанып үйренуге күш саласыз, дегенмен сіздің еліңізде тіл тағдыры үнемі талқыға түседі, қарапайым мектепті қазақ тілінде аштыру үшін ата-аналар күресуге мәжбүр. Осындай кезде бойыңызды қандай сезімдер билейді?

– Өрине, бір жағынан, шетелде қазақ тілін үлкен қызығушылықпен үйреніп жүрген студенттер бар, екінші жағынан, өз елімізде қазақ мектебін ашу үшін күрес жүріп жатқаны көңілге қаяу. Бірақ бұл жағдай мені, керісінше, жігерлендіреді, қазақ тілінің беделі мен болашағы үшін нақты әрекет жасау керек деген ойды күшейтеді. Тіл – ұлттың өзегі, оны дамытып, қорғау – тіл иелендерінің ортақ парызы.

– Қазақ қоғамы қазақ тілінде сөйлеу үшін не істейміз тиіс деп ойлайсыз?

– Қазір қоғамда бір қызық құбылыс байқалып жүр: «қазақша сөйле!» деп ұрандатқан сайын, кейбір адамдарда тілден қорқу, жалтақтау, тіпті қазақ тілін «құбыжық» етіп көрсету тенденциясы пайда бола бастады. Тілді талаппен, қысыммен емес, мәдениетпен, жылы орта құрумен дамыту керек.

Біріншіден, тілге деген көзқарасты түзеу қажет. Қазақ тілі біреуді сынағын құрал емес, біреуді ұялтатын тетік емес, бұл халықтың жүрегі. Тілді ұранмен емес, үлгімен дамытамыз. «Міндетің» деген сөз ешкімді үйретпейді, ал «кел, бірге сөйлесейік» деген мәдениетті ұстаным тілге жол ашады.

Екіншіден, қазақ тілін күнделікті өмірдің өзіне айналдыру қажет. Тіл тек кабинетте емес, көшеде, кафеде, жұмыста, ғылымда, технологияда, сервиске қолданылуы керек. Қазақша қызмет көрсететін орталар көбейсе, адамдарда тіл табиғи түрде сінеді.

Үшіншіден, балалар мен жастарға қазақ тілін ереже жаттату арқылы емес, өмірмен байланыстыра үйрету керек. Қазақ тілінде қызық контент, ойын, анимация, видеоблог, комикс, ғылыми ролик көп болса, олар тілді өзі-ақ қабылдайды.

Төртіншіден, қазақ тілінің заманауи салаларда дамуы аса маңызды. Ғылым, бизнес, медицина, IT материалдары қазақша болуы тиіс. Егер жас маман өз саласы туралы ақпаратты тек ағылшын тілінде талса, онда қазақ тілі сол салада тіршілігі етіп жатқан жоқ деген сөз. Сондықтан сапалы қазақша ғылыми және кәсіби контент жасау стратегиялық міндет.

Бесіншіден, әрбір азамат тілге жеке жауапкершілікпен қарауы керек. Бір постты қазақша жазу, бір терминді қазақша қолдану, бір видеоны қазақша түсіру – тілге қосылған үлкен үлес.

Тілді тірі ететін нәрсе – күнделікті қолданыс. Сол қолданысты жасайтын тек өзіміз.

– Алдағы жоспарларыңыз қандай? Арнайы зерттеп жүрген ғылыми тақырыптарыңыз бар ма?

– Алдағы жоспарым – осы жобаны аяғына дейін жеткізу, қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың әдістемесін жетілдіру, академиялық еңбектер жариялау, қазақ тілін шетелдік университеттерге жүйелі түрде енгізу.

– Сұхбат бергеніңізге рақмет! – Сізге де алғыс. Қазақстанға дұғай-дұғай сәлем!

Сұхбаттасқан
Жангүл ЕСЕНИЯЗОВА

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР ЭТРМ ОШЖДК «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ-сі ҚР Экологиялық кодексінің 87-бабы 4-тармақшасының талаптарына сәйкес 2025 жылдың 20 қарашасынан бастап 20 жұмыс күні ішінде «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің функционалдық аймақтарын өзгерту және туризм инфрақұрылымын дамытудың бас жоспарына техникалық-экономикалық негіздемесіне түзету» жобасына Бірыңғай экологиялық (Ecoportal.kz) порталында жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Ескертулер және ұсыныстар беру үшін және жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық (Ecoportal.kz) порталында танысуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

РГУ «Государственный национальный природный парк «Көлсай көлдері» КЛХЖМ МЭПР РК в соответствии с требованиями подпункта 4) статьи 87 Экологического Кодекса РК, сообщает, что с 20 ноября 2025 года в течение 20 рабочих дней на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будет проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по проекту «Корректировка технико-экономического обоснования государственного национального природного парка «Көлсай көлдері» в части изменения функционального зонирования и генерального плана развития инфраструктуры туризма». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) для предоставления замечаний и предложений.



Алмас қылыш

Алдағы жылы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске 110 жыл толады. Соған сәйкес ғалымдар Торғай көтерілісін бастаған Әбдіғалпай Жанбосынов және оның саяси репрессияға ұшыраған әулеті жөнінде алғаш рет жаңа, тың құжаттар негізінде монографиялық еңбек даярлады. Кітапта 1916 жылғы Торғай көтерілісі тарихы алғаш рет, өңірде он үш жылдан кейін қайта орын алған 1929-1931 жылдары Батпаққара, Қарақұм көтерілістерімен тарихи сабақтастықта қарастырылады. Осыған орай «Жас Алашқа» Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті жанындағы «Айтылған тарих» ғылыми лабораториясының жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты, университеттің қауымдастырылған профессоры Забира Мырзатаева сұхбат берді.

Забира МЫРЗАТАЕВА,
тарих ғылымдарының кандидаты:

– Забира ханым, Торғай көтерілісінің басшысы Әбдіғалпай Жанбосынов туралы жазу идеясы қалай басталды?

– Жалпы, Әбдіғалпай Жанбосыновтың есімі қайта жарыққа шығып, бағы жанған мезгіл тәуелсіздік жылдардан бастау алады. Оған дейін бұл мәселе бұлыңғыр тақырып болып келді. Академик Манаш Қозыбаев 1994 жылы «Жауды шаптым ту байлап» аталатын кітаптың бір бөлімін «Әмір Әбдіғалпайға» арнады. Міне, сол уақыттан бастап, хан Әбдіғалпай тұлғасына байланысты бетбұрыс орын алды. Содан кейін аталған тұлға жөнінде Ә.Жанбосыновтың немересі Марат Мырзағалиев, жазушы Мақсұтбек Сүлейменов көпшілік оқырманға арналған еңбектерін жарыққа шығарды.

Алайда Әбдіғалпай хан есімі бүгінде қоғамға толыққанды жете қойды деуге болмайды. Мысалы, бұл мәселе мектеп оқушылары, студент жастар, тіпті мұғалімдер мен ЖОО оқытушылары үшін әлі де жеткілікті таныс емес. Өйткені 70 жылдық советтік тарихнамада атақты Торғай көтерілісінің жетекшісі Амангелді Иманов есімімен шектеліп қалды. Біз сол идеологиядан әлі де арыла алмай келе жатырмыз. Тарихи жақты қалпына келтіретін мезгіл жеткен сияқты. Жұмыстың өзектілігі осында.

– Бірақ Торғай көтерілісінде Амангелді Имановтың алатын орны ерекше екені рас емес пе?

– Біз Амангелді Имановтың құралайды көзге атқан мерген, жаужүрек бағыр болғанын жоққа шығармаймыз. А.Иманов ханның бас сардары болып сайланған. Ә.Жанбосынов және А.Иманов бірге талай қанқұйлы шайқастардан жүріп өткен майдандас серіктер. Алайда тарихи шындық солай, Ә.Жанбосыновты 1916 жылы Торғай уезінің 13 болыс елі бірауыздан хан сайлаған. Хан сайланған соң уезде барлық билік хан кеңесіне көшеді. Халық соттары да қайтадан құрылады. Салықтардың барлығы өкімшілік пен құрылған әскердің қажетіне жұмсалып бастайды. Торғай халқының дербес ел болып, билік құрған бұл аз уақыты ішінде араларында қылмыстың, тіпті барымта мен ұрлықтың да азайғаны байқалған. Елге орнатқан бұл жаңа тәртіпті патшалық өкімшілік жігі бақылап отырса керек. Өйткені хандықты құру тәуелсіз мемлекет құру дегенді білдірмей ме?

Міне, осы айтылғандарға байланысты жаңадан келген совет билігі хан Әбдіғалпаймен өш болды, ақырында түбіне жетті, онымен тоқтамай ханның ұрпақтарының соңына түсті.

– Торғай уезінің 13 болысының Әбдіғалпайды бірауыздан хан сайлауына не себеп болды?

– Біріншіден, Әбдіғалпай Жанбосыновты халық оған «хан боласың» дегенде ол өзін «әмір» атауларын өткізген. Өйткені расында Әбдіғалпайдың арғы тегінде хан болған адам жоқ-тың. Неге халық оның хан болғанын қалады десеңіз, оның арғы аталары ұрпақаралық сабақтастықта ел билеген тұлғалар еді. Мысалы, Тілеулі Әбдірахманұлы жоңғар көтерілістерінде мыңдаған қол басқарған хас батыр болса, ал Тілеулі батырдың ұлы Нияз би Абылайдың мықты кеңесшілерінің бірі-тін. Әбдіғалпайдың әкесі Жанбосын ұзақ жылдар болыстық қызмет атқарған, Әбдіғалпай өз ортасына парасатты, жаңашыл тұлға ретінде танылған. Яғни, ол ауылына мектеп, медресе, мешіт тұрғызған, ж.б. қызмет жасаған. Сондықтан халық оны хан сайлады.

– Олай болса, Торғай тарихында өз орны бар Ә.Жанбосыновтың неге көлеңкеде қалып қойған?

– «Қаһарлы 1916-жыл» социалистік революцияның жаршысы ретінде идеология құралына айналғаны белгілі. Совет билігі қоғамды жікке бөліп, көтеріліске таптық сипат берді. Соған сәйкес ақуатты отбасынан шыққан Әбдіғалпайдан гөрі шаруа отбасынан шыққан Амангелдіге назар аударуды дұрыс деп тапты. Бұл 1936 жылғы 5 наурызда партияның Қазақ өлкелік бюросы 1916 жылғы Қазақ халқының көтерілісіне жиырма жыл толуына орай қабылдаған

қаулыда бекітілді. Содан былай қарай А.Иманов көтерілістің ең көрнекті тұлғасы ретінде айтыла бастады. Әбдіғалпайдың тарихи тұлғасы заман күүгерлерінің шығармашылығында азды-көпті орын алып үлгерген, мысалы, Әлихан Бөкейханов пен тарихшы Шестаковтың бірлестікте жазған мақаласында «қысқа қарсы Торғай елі Ғабдығалпайды хан сайлап, патшаға қарсы соғыс ашты» дейді, сонымен қатар Әлихан Бөкейханов Ахмет Байтұрсынұловпен бірге шығарған «23 жоқтау» жинағына Әбдіғалпайға арналған жоқтауды да енгізген. Сол мәтіннің соңында «1916-ншы жылғы 25 иуінің жарлығына Торғай уезі қарсы болғанда, Әбдіғалпай елге басшы болып, пеурал төңкерісіне дейін үкімет әскерімен соғысып келген. Торғай елі Әбдіғалпайды қан сайлаған. 1920-ншы жылы өлген. Әбдіғалпай – ұзын Қыпшақ» деп тағы да баса көрсетеді. Айта кеткен орынды болар, Әбдіғалпайдың анасы Алуа Ақтасқызы Ахмет Байтұрсынұлының әкесі Байтұрсынұлының ағасы – Ақтас-тың қызы. Көріп отырғанымыздай, Ә.Жанбосыновты қазақ интеллигенциясы өкілдеріне бір табан жақын болған адам. Ал большевиктер ұлттық мемлекеттілікті қайта құрғысы келген Алаш қайраткерлері төңірегінде болғандардың бәрімен өш болды емес пе?

– Жалпы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісте хандық билік қайта жаңғыртылды, әр аймақта бірнеше хан сайлау дәстүрге айналды кетті. Торғайда қалай болды?

– Торғай көтерілісінің алғашқы зерттеушісі тарихшы К.В.Харлампович өз кітабында (1929, Қызылорда) Торғай көтерілісшілерінің (шығыс, батыс және солтүстік) үш хандыққа бөлінгенін атайды: шығыс хандығы Әбдіғалпай Жанбосыновты, батыс хандығы Осман Шолақұлы басқарды дейді, ал солтүстік хандық арғындарға тиесілі еді, ондағы екі Наурызым болыстығындағы тұрғындардың басым бөлігі орыс ұлтынан болғандықтан, дербес хандық ретінде өзін сақтай алмай оның тұрғындары осы екі хандыққа қосылғанын айтады.

К.В.Харлампович зерттеу еңбегін заман күүгерлері естелігіне сүйеніп жазады, ал естелік айтушылар Әбдіғалпайды көтерілістің көшбасшысы ретінде және оған үлкен құрмет көрсетілгенін баян еткен. Халық өткеннің ең елеулі оқиғаларын жадында сақтайтыны белгілі, яғни, Әбдіғалпай есімінің ел аузынан түспей айтылуы оның шын мәнінде кім болғанын көрсетіп тұрса керек.

Соған байланысты мынадай тарихи сюжетке назар аударсақ, Торғай уезноының көмекшісі Ткаченко деген шектен шыққан қиянатшы адам болған. Міне, соның жазбасында Батпаққараға, яғни, ондағы хан Әбдіғалпайдың ставкасына қарай (Ырғыздан, Қостанайдан, Сыр елінен, тіпті бірі Арқадан) ағылып келіп жатқан елді көргенін жазады. Ол адамдар бір атқа екі-үштен мінгесіп келіп жатты дейді. Шынымен айту керек, естеліктердегі мәліметтер архив құжаттарындағы жазбалармен ғажап сәйкес келіп жатты. Мысалы, халықтың Әбдіғалпайға деген зор сенімі «Бабалар сөзі» кітабының 96 томында бір естелікте «халың жұрт Әбдіғалпай не десе, соны орындауға келістік, хан ордасына қарай бетбұрған адамда есеп болған жоқ» делі-

неді. Міне, Торғай елі хан Әбдіғалпайға зор құрметпен қараған, осылайша ханның армиясы құрылған...

– Торғай көтерілісшілері 50 000 адамды құраған деген дерек рас болды ғой?

– Иә, деректерде солай жазады, егер көрші аймақтардан халық осындай қарқынмен бір кісідей жиналып бас қосқан болса, 50 000 адам жиналуы мүмкін шығар.

– Екі жақтың күші тең емес, бірақ, соған қарамастан, көтерілісшілер жылға жуық қарсылық көрсете алған, солай ғой?

– Әскери күші тең емес қазақ сарбаздарының қайсарлығында шек болмады, бұған патша әскер-басшыларының өзі де таңғалған. 1916 жылы 20 қазанда Татыр көлі маңындағы шайқасқа 4 000-ға жуық көтерілісшілер қатысады. Бұл Әбдіғалпай сарбаздарының ең алғашқы үлкен даярлықпен келген шайқасы болатын. Көтерілісшілер найза, балта, кетпен-күрек, көп болса бірлі-жарымы мылтықпен қаруланды. Шайқас алаңында төрт сағат ішінде 200-ге жуық сарбаз мерт болды. Ұрыс даласындағы қырғынды өз көзімен көрген генерал А.Г.Сандецкий Петроградтағыларға: «Қазақтар орыс әскерін түпкілікті жоюмыз деген табанды мақсатпен келген. ... смелые настойчивые атаки киргизов довели до такой дерзости, что несмотря на артиллерийский и пулеметный огонь, киргизы подошли к наступающим частям на расстоянии 100 шагов...», ал бір жазбасында ол «торғайлықтар Алтын орданың ұрпақтары», «торғайлықтар өз отанының нағыз патриоттары» деген ойларын жеткізді. Оларды тағы да таңғалдырғаны – сарбаздардың жаралы серіктерін өздерімен бірге ала шегінуі еді. Есіл елдің қор болғанына куә болған Ә.Бөкейханов мақаласының бірінде патша өкімшілігі «осындай да соғыс болады ма, бір жағында, күшті қаруланған әскер, ал екінші жағында, қарапайым қара халық!», – деп сөккен. Бұл шынымен де нағыз әділетсіздік болатын.

Торғайда мұндай ірі шайқастар Торғай гарнизоны алуда (1916 ж. 22 қазан), Күмкешу (1917 ж. 10 ақпан), Батпаққара немесе Доғал-Үрпек (1917 ж. 21 ақпан) деген жерлерде де жүріп өткен.

Айта кеткен орынды болар, тура осындай тарихи сюжетті біз 1930 жылғы Созақ, Қарақұм көтеріліс-

терінен байқаймыз. 1930 жылы 16 ақпанда қызыл армия әскері Созақтағы шайқаста төрт сағаттың ішінде 300-ге жуық сарбазды қырып салған, ал 200-ге жуық адамды тұтқындап, оның 150-ін ату жазасына кескен, 18-і түрлі мерзімге қамауға алынған. Қарақұмда да солай, тұтқына түскен 227 адамның бір мезегіне-ақ, 118-і ату жазасына кесілген, 109 адам 3 жылдан 10 жыл мерзімге концлагерьлерге айдауға жіберілген.

Батпаққара, Қарақұм көтерілісшілерінің өмірінде он үш жылдан кейін қайталанып келген қасіреттің тағы мынадай ұқсастықтарын атаған болар едік.

1916 жылы шайқас алдында ата-анасын тыңдамай жүздеген жастар молданың алдына барып, қолдарын жайып, бата сұрап тұрып алған екен. Ал 1930 жылы Қарақұм көтерілісшілерінің басшысы хан, әрі дінбасы Жұмағазы Бәйімбетов ОГПУ алдындағы көрсетуінде: «Маған жиналған халық шайқас жүріп жатқанда сен дауыстап Құран оқисың! Осы шайқаста мерт болған барлық азаматтардың жаны жаннаттық болсын деп тапсырды», – дейді. Қосимпериялық жүйедегі биліктің қазақ еліне деген ұстанымы бірдей болғанын көре аламыз.

Көтерілістердегі сабақтастық сарбаздар құрамында әйел-аналардың сап түзегенінен де байқалады. Патша шенеуніктерінің бірі 2-Наурызым болысынан сарбаздардың жанынан айла, айбалтамен қаруланған әскерше кінген әйелдер туралы жазады. 1916 жылы әйелдерге көрсетілген қиянатта шек болған жоқ, мысалы, бір көзкөрген күүгер жазалаушы отрядтан қашып келе жатып, қатыгездікпен өлтірілген, ішінен өмір есігін ашып үлгермеген сәби сыртқа ақтарылып жатқан әйел баласының мүрдесін көргенін жазады. Публицист В.Бегман «ауылдар өртенді, ал дүние-мүлікпен бірге оған қуып тығылған тірі адамдар да жалығна оранды. Азапты өлімнен құтылу үшін қырғыз (қазақ) әйелдері биік шыңнан төменге басыммен құлады» деп жазды. Бұл 1916 жылғы қырғынның бір гана көрінісі еді.

Ал 1930 жылы Альшанскийдің Қарақұм операциясы бойынша Данилевскийге жолдаған оперсводкасында «В числе наступающих в колонне были женщины, которые стреляли в упор из наганов в наших бойцов» делінеді. Міне, осылайша,

патша билігі халықты қалай аямай қыру жолында болса, советтік билік те көріп отырғанымыздай, аяған жоқ.

– Ал енді Ә.Жанбосынов әулеті жөнінде қандай жаңа деректер ғылыми айналымға тартылды?

Ең алдымен, Әбдіғалпай және оның елінің осы екі бірдей зобаланды ұрпақаралық сабақтастықта бастан өткергенін айтқымыз келеді. 1916 жылғы көтерілісте болғандар 1929-1930 жылғы көтерілісте де болды. Он үш жыл ішінде бір буын өсіп шығады емес пе? Әбдіғалпай 1916 жылы бауырлары Садыман, Жалмағамбетов, Уәлилермен бірге күреске шыққан болса, 1929-1930 жылдары көзі тірі Жалмағамбетов Уәли ендігі таңда өзінің ұлы Ғаббаспен, Садыман Жанбосыновты Әбдіғалпайдың ұлдары: Мағзұм, Назар, Зейнолла, Зәңгерлермен бірге соғыс алаңына қайта шықты.

Садыман 1929-1930 жылдары советтік реформаларға халықпен бірге күресіп, ату жазасына бұйырылды. Жалмағамбетов Уәлидің де тағдыры осылайша аяқталды.

Кітапта Батпаққара мен Қарақұмдағы оқиғаларға қатысқан Әбдіғалпай ханның ұлдары: Мағзұм, Зейнолла, Назар (шайқас үстінде опат болды), Зәңге және туған бауыры Жанбосыновты Садыманның, немере бауырлары Жалмағамбетұлы Уәлидің, Уәлиұлы Ғаббастың, ал кейін 1937 жылы Әбдіғалпайдың ұлы Рүстемнің ату жазасына кесіліп, совет билігінің қолынан опат болғаны құжаттық деректер негізінде баяндалды.

ОГПУ материалдарында кездесетіндей, Әбдіғалпайдың ұлдарын, әсіресе Рүстемді ұстағанда «Абдулғафар хан алашордынцев» болған деген айып тағып, жөн-жосықсыз ату жазасына кескен.

Кітапта соған қатысты айтылатын Мағзұмның араб графикасымен жазылған хаты табылды. Онда Мағзұм: «менің әкем Әбдіғалпай еңбекші халық қамы үшін жауыз Николай патшаға қарсы 1916 жылы көтеріліс жасап, қазақ әдетімен хан болған еді. «Сенің өкен хан болды, жуан жұдырық еді» деп қызмет басындағы [...] атты ақ-қарасын ажыратып алмай жөбірі береді. Жөбірінің түрі толмайтын малдың дохымен салық заңының 28-статьясына жатқызып, түрлі өлім келмейтін салықтар салып, өзімізді жер аудармақшы қылып айдаған кесірінен басымызды қорғап Қарақұмға қашып келгенімізге 4-5 күн болды. Жасым 24-те, әкем Әбдіғалпай өлгенде 13 жасымда қалып едім. Мағзұм Әбдіғалпайұлы. 30 сәуір 1930 ж.», – дейді.

Әбдіғалпайдың ұлдары бәрі де сауатты болған. 1926 жылы курсант Мырзағали Жанбосыновтың советтік партия мектебінен негізсіз шығарылуына байланысты Өлкелик (Б) БКП-на жазған шағым хаты осы мазмұнда болды. Ол «менің әкем 1916 жылы Торғай уезінде патша үкіметіне қарсы көтерілісті басқарды...» деп, бұл ойын баспа бетінде жариялайды.

Сондай-ақ 1929-1930 жылдары советтік реформаларға қарсы наразылық актілеріне қатынасып, саяси-қуғынға ұшыраған осы әулеттің адамдары Әбдіғалпай ұлдары Қали мен Мырзағалидің азапқа толы тағдыры да сөз болады. Әулеттен Мағзұмның жолдасы Ұлбосынның тергеуге айлынғаны жөнінде жаңа деректер беріледі. Жалпы кітаптың екінші тарауы, жүз жыл құпия болған архивтік құжаттар негізінде көрсетілді.

Сонымен қатар кітаптың соңғы бөлімінде Әбдіғалпайдың елі – Батпаққара көтерілісшілерінің тізімі беріледі. Олардың мүмкін болғанша есімдері мен ерлік істері кітапта баяндалды.

Архивтік құжаттардан әулетке қатысты бүгінге дейін еңбектерде кездеспейтін Әбдіғалпайдың бауырлары Рахымжан, Әбдірахым және Өбсейіт Жалмағамбетовтер туралы мәліметтер анықталды.

Әбдіғалпайдың Назар есімді ұлының тағдыры осы уақытқа дейін қате көрсетілді. Оны зерттеушілер біздегі құжаттардың қолжетімсіз болуына байланысты «ОГПУ қызметкерлерінің шешімімен атылған» деп қате көрсетіп келді. Ал, шын мәнінде, Әбдіғалпайұлы Назар Қарақұм шайқастарының бірінде мерт болған.

Жұмыста Әбдіғалпайдың Зәңге есімді ұлының болғаны және оның есімін ОГПУ қызметкерлері Әбдіғалпайдың Зейнолла есімді ұлымен шатастырып көрсетілгенін байқайды. Осындай олқылықтардың негізінен олардың сот ісі құжаттарынан да, реабилитация құжаттарынан да қателіктер орын алған. ОГПУ қызметкерлерінің Зәңгені Зейнолламен шатастыруы себепті Зәңге туралы ақпарат openlist.wiki аталатын қоғамға белгілі сайт жүйесінен шықпады. Бұл олқылық болашақта жойылып, ақиқат өз орнын алуға тиіс.

Сонымен, саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы шындықты ұлт жадында сақтау, сол арқылы ескеден ұрпақты мемлекетшіл рухта тәрбиелеу маңызды іс болып табылады. Көтерілісшілердің арман-тілегі тәуелсіз ел болу еді, тарихтың бұл кезеңі қазіргі заманға мейлінше нақты, тарихи фактілер негізінде тартымды түрде жеткізілетіні тура болмақ!

– Өңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Бек РАУШАНҰЛЫ

Дәуірмен бетпе-бет



Амангелді МҰҚАН



Анар ЕРКЕБАЙ



Төңірберген ЕМБЕРГЕНОВ

соның бір дәлелі. Бұл қойылымда ата-анамен бала арасындағы эмоционалды алшақтық, ересектердің өз ұйымына батып, баланың жалғыз қалуы өте нәзік психологиялық тілмен ашылады. Мұндай деңгей бізде сирек кездеседі. Қостанай қуыршақ театрындағы грузин режиссері Нико Сабашвили қойған «Мен» спектаклі баланың кішкентайынан ата-ананың қатаң бақылауында өсуінің салдарынан туатын комплексстерді, ол комплексстердің буллингке айналуын көрсететін батыл психологизмге негізделген жұмыс. Ал Алматы мемлекеттік қуыршақ театрындағы Георгий Лайконың «Ортеке» спектаклі – ұлттық дәстүрлерді заманауи визуалмен, интерактив арқылы көрсетудің озық үлгісі. Баланы құр тыңдатпай, тікелей қатыстыру үлкен артықшылық. Сонымен қатар еліміздің танымал балалар және қуыршақ

бұрған театрлар көрерменді бала күнінен бастап дайындау барысын естен шығарып алатындай. Шынайылықтан гөрі өлеуметтік желі үшін қойылатын қойылымдар легі де репертуарлық саясаттың құрбаны болып бара жатыр. Театрдың экономикалық жағдайы да балалар спектаклінің аз қойылуына ықпал жасайды. Драматургтердің авторлық қаламақысын төлеуден театрлар қашады. Осындай жағдайлар да заманауи драматургияның дамуына кері әсерін тигізеді.

Ж.А.: Сіздің ойыңызша, жылына қанша премьералар арнап қойылуы тиіс? Шетел тәжірибесінде бұл мәселені қалай шешіп отыр?

А.М.: Кем дегенде екі, артып жатса төрт спектакль жүйелі қойылуы керек. Бұған мемлекет нақты қаражат бөлгені абзал. Шетелде әр жастағы көрерменнің өз театры бар. Мәселен, қуыршақ театрын 3 жасқа дейінгі балалар, 3 жастан 6 жасқа дейін, мектеп жасынан 12 жасқа дейінгі балаларға арнап бөлек спектакльдер өзірлейді. Әр топтың өзіне контент даярлайтын арнайы жекелеген театрлар мен мамандар бар. Ал біз балалардың бәрін жиып алдық та, бар жауапкершілікті қуыршақ театрына итере салдық. Ересектерге арналған театрлар Наурыз не Жаңа жыл мерекелерінде балаларға арналған «міндеттелген» мерекелік қойылым қояды. 20 желтоқсан сахналанған ертегі 1 ай бойы, қаңтардың 15-іне дейін репертуарда тапжылмай тұрады. Ең қызығы, үлкен қаражатты да осы мерекелік спектакльдерден табады.

А.Е.: Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, әр мемлекеттік театр жылына кемі екі ірі форматта (мюзикл, музыкалық ертегі, драмалық қойылым), шағын формада (қуыршақ, пластикалық спектакль, беби-театр, заттық театр) қойылған жаңа балалар премьерасын ұсынуы тиіс. Қазақстандағы 80-ге жуық театрды есептесек, жылына кемінде 200-ден астам премьералар шығады. Соның 15-20 пайызы ғана балаларға арналған. Бір қарағанда, бұл сан аз емес сияқты. Оның үстіне екі көрсеткішке қуыршақ театрларының премьералары да кіріп отыр. Бірақ мәселе тек сандық көрсеткіште емес, сапада. Яғни, біз «қанша қойылым бар?» деген сұраққа жауап табамыз, бірақ «олар кімге арналған?», «қандай мәселе көтереді?», «заманауи баланың тілінде сөйлей ме?» деген ең негізгі сұрақтар ашық күйінде қалып отыр.

Ұлыбританияда National Theatre for Children атты арнайы бағдарлама бар. Жыл сайын балаларға арналған жаңа пьесаларға грант бөлінеді, таңдаулы жұмыстарды театрлар автоматты түрде қабылдайды. Польшада балалар мен жасөспірімдер театрларының жеке желісі бар. Әрбір қуыршақ театры жылына 3-4 премьералар шығарады. Мұнда балалар театры мемлекеттік саясаттың бір бөлігі. Оңтүстік Кореяда балалар драматургтері үшін арнайы резиденциялар бар. Авторлар педагогтармен бірге жұмыс істейді. Бізге де осындай жүйелі модельдер қажет.

Т.Е.: Шетелдік тәжірибені алып қарайтын болсақ, Германия театрларында балаларға арналған қойылымдарға мемлекет арнайы грант бөледі. Сол арқылы арнайы оқыған актерлер мен режиссер шақырылады, бүлдіршіннің психологиясына бейімделген пьеса жазылады. Ал спектакльдер көрнекілік жағынан идеялық-эмоциялық тереңдікке көңіл бөледі. Сол секілді басқа елдерде де балалар театрына айрықша көңіл бөледі. Фестивальдер ұйымдастырады. Нақтырақ айтқанда, кәсіби мамандар жұмыс жасайды дей аламыз. Дегенмен де біздің елде де үміт жоқ емес. Кейбір театрлар жаңа формаларды батыл іздеп жатыр. Баланың назарын ұстай алатын, оның жас ерекшелігіне табиғи жақындайтын тәсілдерді, атап айтсақ, көлеңке театры, интерактив, иммерсив, мультимедиялық қойылымдар, қуыршақ пен актердің синтезі сынды бағыттар дамып келеді. Балалар ең әділ көрермен. Өтірікті сезіп, жасандылықты қабылдамай, шынайылықты дереу таниды. Сондықтан да балаларға арналған спектакльдер театрдың шын мәніндегі кәсіби деңгейін көрсететін өлшем. Егер театр баланың жүрегіне жол таба алса, ересек көрерменге де айтар сөзі бар деген сөз.

Дайындаған Ақгүлім ЕРБОЛҚЫЗ

Балалар спектаклі.

1-беттен

Осыдан біраз уақыт бұрын елдегі театрлардың тұтас саны шықты. Қазір елде 74 театр бар екен. Соның ішінде балалар мен жасөспірімдерге арналған театрлар саны саусақпен санарлық қана, төрт-бесуе болар. Оның ішінде Алматыдағы Фаби Мүсірепов атындағы театр мен Наталия Сац атындағы театры, Теміртауда балалар мен жасөспірімдерге арналған театрларды атасақ болады. Осы төрт-бес театр ғана, қалған театрлардың бәрі дерлік ересектерге арналған театрлар. Қалған театрлар әдетте балаларға арнап қойылым қоярда тоқтап қалатыны бар әлде жаттанды, әбден жауыр болған шығармаларды қоя салады. Бұл мәселе туралы кезінде біраз айтылған еді, шешімін әлі таппай келе жатыр.

А.Е.: Себебі біреу емес. Бірнеше фактордың тоғысуы. Ең әуелі, бізде балалар театры әлі күнге дейін толыққанды дербес бағыт ретінде қабылданбай отыр. Қандай театрга барсаңыз да, балаларға арналған репертуар «қосымша», «маусымдық» дүние сияқты қарастырылады. Ал, шын мәнінде, балалар аудиториясы ересектердікінен екі есе күрделі. Темпі жылдам, образы айқын, педагогикалық және психологиялық дәлдік қажет.

Екінші мәселе, балаларға арналған драматургияның тапшылығы. Қазіргі бала цифрлық дәуірдің баласы, қазіргі тілмен айтқанда – «зет» және «альфа» ұрпағы. Оған тілі заманауи, проблематикасы өз өмірінен үндес, эмоциялық интеллектіні қозғайтын жаңа мәтіндер қажет. Оның назарын ескі сюжеттермен, баяу диалогпен ұстап тұру қиын. Соған қарамастан, көптеген театр репертуарында әлі күнге дейін ХХ ғасыр ортасындағы пьесалар немесе классикалық ертегілер айналып соға береді. Екіншіден, режиссурадағы ізденіс шектеулі. Көп қойылымдар дәстүрлі формада жасалады: әдемі көстөм, музыка, қарапайым сюжет, соңында міндетті түрде өнеге-өсиет айтылады. Бірақ бүгінгі балалардың визуалды мәдениеті жоғары, мұндайдан тез жалығып кетеді. Сондықтан балалар театры ең батыл эксперименттер жасалатын алаңға айналуы тиіс. Үшіншіден, тақырыптық диапазон тар. Қазіргі балалар өлемі тек ертегі мен жануарлардан тұрмайды. Олардың өмірінде буллинг те бар, цифрлық қауіп те бар, достық, жалғыздық, өз-өзін табу, ғылым, экология секілді нақты мәселелер бар. Театр осындай шынайы дүниелерді қозғай бастағанда ғана бала көрермен оны «өзінің кеңістігі» ретінде қабылдайды. Төртінші және маңызды фактор – қаржыландыру. Балалар спектаклі табысы көп бағыт емес. Билет бағасы төмен болғандықтан, театрлар жаңа материалды тәуекелге етіп қоюға бармай, «қауіпсіз» классиканы қайта-қайта сахналауға бейім.

Осыдан балалар спектакліне қою үшін үкімет те қаржыны аз мөлшерде бөледі. Сонымен бірге оң үрдістерді жоққа шығаруға болмайды. Соңғы жылдары жас режиссерлердің жаңа формаларға баруы, интерактив пен пластикалық шешімдерді қолдануы қуантады. Қазақ ертегілерін заманауи тілмен ұсыну талпынысы да бар. Бірақ бұл үрдістер әлі жеке-жеке арал сияқты, біртұтас бағытқа айналып үлгермеді.

Т.Е.: Қазіргі заманның баласы – көз алдымызда ерекше қарқынмен өсіп келе жатқан жаңа буын. Олар телефонның көк экранына сыйған әлеммен тілдесіп, графикалық кейіпкерлермен қатар жүріп, секунд сайын жаңарып отыратын ақпарат тасқынында өмір сүріп жатыр. Осындай кезде саф өнер саналатын театрдың балаларға ұсынар контенті бұрынғыдан әлдеқайда күрделі, әлдеқайда жауапты бола түсері сөзсіз. Өкінішке қарай, театр сахнасындағы балалар контенті әлі күнге дейін толық жаңарып болған жоқ. Көп жағдайда кішкентай көрермен таныс ертегілердің жаңа көстөм киген нұсқасын ғана көреді. Сол баяғы сюжет, сол бір кейіпкер. Ал бүгінгі баланың қабылдауы басқа. Ол сахнадан тек ертегі емес, өз өміріне үкәс сезім, заманауи әуен, жүрегіне жақын тіл күтеді.

Бүгінгі күні еліміздегі әрбір театрдың репертуарын ашып қарасаң, балаларға арналған қойылымдардың аз екені жанды қынжылтады. Баланың қиялына қанат бітіретін, ойын ұштап, тәрбиелейтін қойылымдардың сапасы мен сәні арагідік қоғамды толғандыратыны да рас. Дегенмен де, іздеген сұраққа жауап табу театрлар үшін қиын соғып жататын жайттар да кездеседі. Көп өнер ошақтары балаларға арналған спектакльдерді «жеңіл жанр» деп қабылдайды. Алайда ең күрделі бағыт саналатын театрдың осы бір түрі баяу дамып жатыр. Баланың назарын ұстап тұру бір ғана әдемі көстөммен немесе жарқын декорациямен шешілетін шаруа емес. Кішкентай көрермен актерден шынайылықты, режиссерден нәзік талғамды, драматургтен педагогикалық сезімталдықты талап етеді. Осы күрделілікке дайын мамандар аз болғандықтан, театрлар да балалар репертуарына батыл кірісе бермейді деген ойға келеміз.

Ж.А.: Қазіргі қазақ театрындағы балалар контенті туралы не айтасыз? Көңіліңіз тола ма?

А.М.: Театрдың ертеңгі көрермені – бүгінгі бала. Өкінішке қарай, қазақ театрларының бір кемшін тұсы қазір осы боп тұр. Мұның шешілуі қиын боп көрінгенмен, негізгі түйткіл соңында театр басшылығына кеп тіреледі. Жоғары жақтан құжат, тапсырма түскенде ғана іске кіріседі. Ал өздігінен «дамымай жатыр», «әрекет етейік» деу жоқтың қасы. Сондықтан билік міндеттеп, театрларға нақты тапсырмалар беруі тиіс. «Жылына балаларға арнап бір емес, бірнеше спектакль қойылу керек» деген нақты тапсырма беріліп, іс жолға қойылса, жас драматургтер жұмыс тауып, балаларға арнап пьеса жазар еді. Сонда театрлар да мақсатты түрде балаларға арнап контент жасауды үйренеді. Мұндай міндетті тапсырмаларсыз мәселе шешімін таба алмасы анық. Мұнда жоғары жақтың көзқарасы көп өзгеріске ықпал ете алады. Жоғары жақтың көзқарасына құлақ асатын театрлар сол кезде әрекет ете бастайды. Сонда ғана нәтиже пайда

болады. Бізде мықты драматургия да, кадр мен мамандар да бар.

Жыл сайын тәуелсіздік күні қарсаңында балаларға арналған драматургия бағытталған «Тәуелсіздік толғауы» сайысы өтетін. Осыдан он бес жыл бұрын қатарынан екі-үш мәрте болып, кейін министрлік тарапынан бұл мәселеге мүлде назар аударылмай кетті. Есесіне, Ақтөбе қаласындағы Тахауи Ахтанов атындағы қазақ драма театры үш жыл қатарынан балалар мен жасөспірімдерге арналған драматургия бойынша сайыс ұйымдастырып жүр. Әксперттік құрамында мен бармын, сайыстың беталысына көңіл толады. Сайыс қос бағытта ұйымдастырылады. Бірі – қазақ фольклорындағы мұраларды балаларға арнап инсценировка жасау. Екіншісі – мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған спектакльдер жазу. Быыл үшінші жыл ұйымдастырылды, жақсы туындылар, пьесалар түсті. Драматургтер бағытын түсініп келе жатқаны қуантады. Енді бұл бастаманы республикалық деңгейде қолдап, драматургтерді ынталандыратын гонорар ұсыну керек. Мәселен, бірінші орынға 350 мың теңге қаржылай көлемінде сыйақы ұсынады, алайда бұл қаржылай сыйақы – драматургтерге қазір тиын ғана.

А.Е.: Толыққанды қанағаттандырады деп айта алмаймын. Контент үзік-үзік. Бірақ өте жақсы мысалдар бар. Мәселен, соңғы жылдары балаларға арналған ең мықты, ең заманауи спектакльдердің біразы шетелден шақырылған режиссерлердің қолынан шықты.

Павлодардағы Ж.Аймауытов театрында Сергей Левицкий қойған «Джудит жасаған қиын таңдау» –

театрының режиссері Антон Зайцев жетекшілік ететін Total Theatre секілді тәуелсіз платформаларда жас көрерменге арналған жаңа формалар, физикалық театр мен заттық театрдың элементтері табысты қолданылып жүр. Сондықтан, иә, жақсы мысалдар бар. Бірақ олар жүйелі түрде емес, жекелеген бастамалар түрінде ғана.

Т.Е.: Қазіргі балалардың талабына, тілдік деңгейіне, өмірлік тәжірибесіне сай жаңа пьесалар жоқтың қасы. Репертуарға мән беріп қарасақ, балалар қойылымдары не кеңестік кезеңнен қалған классика, не шетелдік ертегілердің инсценировкалары. Ал қазіргі баланың сезімі, сұрағы, әлемді көру тәсілі мүлде басқа. Осы өзгерістерді театрлар әлі толық игеріп үлгерген жоқ па деген ой туады. Заман талабына сай пайымдасқа, қазіргі балаларды ертегі қызықтырмайды. Сол үшін де жаңа форма, жаңа тіл, жаңа серпін қажет. Соңғы бесжылдықта Ә.Байбол, А.Аламан, Қ.Ежембек, Қ.Мұрат сынды драматургтер балаларға арнап қалам тербеп келеді. Пьесалары Мемлекеттік Қуыршақ театрынан бастап, академиялық, облыстық театрларда сахналанған болатын. Десе де, бұл көрсеткіш өте аз. Сол үшін де классикалық ертегілерге тәуелділіктен арыла алмай жүрміз. Жаңа драматургияның жетіспеуі балалар контентінің басты проблемасы болып тұр. Цифрлық қауіпсіздік, буллинг, эмоцияны басқару, экология, жалғыздық пен достық, отбасыдағы коммуникация, баланың ішкі өлемі секілді тақырыптар көтерілетін тұста, көп театрлар орман мен жануарлар өлемінен өрі аса қоймады. Назарды балаларға емес, жасөспірімдерге



Арбаған мені бір сиқыр

Николай Крутильников 1896 жылы бұрынғы Вятка губерниясына қарасты Малмыж уезінің Калинино ауылында дүниеге келген. Оның балалық, бозбалалық, тіпті жігіт ағасы болған кездегі өмірі жайлы деректер аз. Алайда өнерге деген құштарлығы ерте оянғаны анық. Себебі ол жастайынан өнерді жанына серік ету үшін сол дәуірдегі ең беделді оқу орындарының бірі саналатын Қазан көркем училищесіне түсіп, оны 1916 жылы тәмамдады.

Болашақ суретшінің енді басталған шығармашылық жолы ХХ ғасырдың ең күрделі кезеңінің бірі, 1917 жылғы Қазан төңкерісімен тұспа-тұс келді. Төңкерістен кейін елдегі уақытша үкімет құлап, билік большевиктердің қолына өтіп, үміт пен дүрбеленге, ұлы идеялар мен қақтығыстарға толы жаңа дәуір басталды. Сол өзгерістер толқыны бейнелеу өнеріне де жаңа мазмұн әкеліп, жаңа міндет жүктеді. Крутильников сияқты жас суретшілер үшін бұл кезең шығармашылық ізденіс пен өмірлік сынақтардың тоғысқан уақыты болды. 1919 жылы ол Златоуст қаласындағы театрда суретші болып еңбек етті. Ал 1920 жылы әскери комиссардың писарі қызметін атқара жүріп, бір мезгілде Красноярск және Златоуст қалалық театрларында суретші ретінде жұмыс істеді.

1920 жылдардың басы азамат соғысы аяқталып, ел өмірі біртіндеп тұрақтана бастаған шақ еді. Республикада көркемөнердің алғашқы ошақтары қалыптаса бастады. 1920 жылдары Кеңес өкіметі жаңа социалистік мәдениетті қалыптастыруды мақсат етіп, халықтар арасындағы кәсіби өнердің дамуына жағдай жасады.

Осы тарихи үдерістердің аясында Крутильников та қазақ бейнелеу өнерінің қалыптасуына өз үлесін қосуға мүмкіндік алды. 1921 жылы ол



Қазақстанға келіп, Семей қаласындағы театрға суретші болып жұмысқа орналасты. Крутильников Семей суретшілерін біріктіріп, өз күшімен Семей қаласында көркемсурет студиясын ұйымдастырды.

1924-1926 жылдары Крутильников суретші ретінде бірнеше экспедицияға қатысып, өңірді зерттеді. Сол экспедициялар барысында ол Ә.Қастеевтің атақты ұстазы Хлудовпен бірге жұмыс істеді. 1928-1929 жылдары Крутильников Қазақстандағы алғашқы көшпелі көрме ұйымдастырды. Лениногорск-Петропавл-Семей-Қызылорда маршруты бойынша өткен бұл көрмеде 460 жұмыс болды. Крутильников бұл көрмеге «Анненков келеді» картинасын және өз «Автопортретін», сонымен қатар Қазақстан пейзаждарын ұсынды. Көрмеге қатысушылардың қатарына Крутильниковтен бөлек Хлудов, Уфимцев, Болкоев, Ивачев, Сазонов,

Абайдың алғашқы портреті

(Николай Крутильниковтің шығармашылығы туралы)



Козлов, Шмелев, график Липин және әлі де жас Әубәкір Ысмайылов болған еді. Көрменің арнайы каталогы да шығарылған екен. Деректерге сүйенсек, бұл каталогтың түпнұсқасы мен көрмеге қатысты барлық материалдар бүгінде Ташкенттегі Уфимцев мұрағатында сақталған деседі.

1932 жылы Коммунистік партия Орталық Комитеті әр тарапта жұмыс істеп жатқан әдеби және көркемдік ұйымдарды шығармашылық одақтарға біріктіру туралы шешім қабылдады. Бұл қадам өнердің барлық түрлерін, соның ішінде бейнелеу өнерін де жүйелеу және біріздендіру бастамасы болды. Соның ықпалымен 1933 жылы Алматыда Қазақстан Суретшілер одағының ұйымдастыру комитеті құрылды. Комитетте А.А.Риттих, А.И.Бортников, Н.И.Крутильников, В.В.Каптерев сияқты кәсіби білімі бар суретшілер жұмыс істеді. Олар елімізге орыс, кеңес және батыс өнерінің үлгілерін алып келіп, жаңа шығармашылық кеңістік құра бастады.

1929-1934 жылдары Крутильников «Қазиздатта» суретші болып еңбек етті, алдымен Қызылордада, кейін астананың көшірілуімен бірге Алматыға келді. Мұнда ол «Живописец» артельін құруға қатысып, оның айналасында қала суретшілері топтасып, кейін Қазақстан Суретшілер одағының құрылуына ықпал етті.


1938 жылы Алматыда театр-көркемсурет училищесі ашылды. Сол жылы Крутильников осы оқу орны-



на оқытушы болып шақырылды. Ол 1956 жылы зейнет демалысына шыққанға дейін ұзақ жылдар бойы училищеді жетекші ұстаздардың бірі болып қызмет етіп, жас қазақ суретшілерінің кәсіби тұрғыда қалыптасуына айрықша үлес қосты.

1940 жылы Қазақстан суретшілерінің бірінші съезі өтті. Дәл сол 1940 жылдан бастап Крутильников Қазақстан Суретшілер одағының мүшелігіне қабылданып, Алматыда тұрақты шығармашылық қызмет атқарды. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында облыстық және Фрунзе аудандық әскери комиссариаттардың жинақтау пункттерінде суретші міндетін атқарды.

1960 жылы 27 сәуірде суретшінің еңбегі лайықты бағаланып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Н.И.Крутильниковке «Қазақ КСР халық суретшісі» атағы тағайындалды. Алайда, көп ұзамай, 1961 жылы суретші Алматы қаласында дүниеден озды.



«Ыстық құйма шебері Д.Макаевтың портреті»

1951 жылы аяқталған бұл туынды Крутильников шығармашылығындағы ең көрнекті туындылардың бірі саналады. Портрет кейіпкері – металлургия саласының озағы, ыстық құйма цехының шебері Д.Макаев. Иә, бұл нағыз социалистік реализм.

Бірақ картинаға заманауи көзқараспен қарасақ, бұл күн сайын балқыған металдың ішінде өз өмірін өткізіп жүрген қарапайым еңбек адамының шынайы келбеті. Алайда оның көзқарасы бүгінгі Marvel немесе Nolan фильмдеріндегі қаһармандарын еске түсіреді. Егер бүгінгі мәдениет супергеройларды комикстер мен экрандардан іздесе, ХХ ғасырдың ортасында



олар зауытта, шахтада, станок басында тұрған адамдар болғанын бірден түсінуге болатын секілді.

Крутильников дәл осы шынайы батырлықты және адамның бет-бейнесіндегі шаршау мен рухани беріктікті көрсетті. Қазір, цифрлы дәуірде, мұндай образдар романтикалық сипатта көрінуі мүмкін, бірақ ол шындыққа ең жақын романтика. Өйткені бүгін де кез келген қоғамның негізі – көзге көрінбейтін, бірақ барлығын ұстап тұрған еңбек.

Қалай болғанда да, кім біледі, бәлкім, дәл осы жұлдыздар мен билік иелерін емес, қолына күйе жағылған, маңдайынан тер аққан қарапайым адамдарды өнердің мәңгі кейіпкері етіп қалдырғаны үшін ғана социалистік реализмге алғыс айтуға да болатын шығар.

Абайдың алғашқы классикалық портреті

Н.Крутильниковтің 1916 жылы Семей қаласында театр суретшісі болып қызмет еткен кезінде жер-

гілікті орыс-қазақ зиялы қауымымен тығыз араласып, қаланың қоғамдық өміріне етене сіңісіп кетеді. Бұл орта оның шығармашылығына әсер етпей қоймағаны анық.

Мәдени ортада жүрген Крутильниковтің ұлы жазушы Мұхтар Әуезовпен байланыс орнатуы әбден мүмкін. Себебі 1921-1924 жылдары М.Әуезов қаладағы Географиялық қоғамның мүшесі, кейіннен төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Көптеген мәдени және танымдық жиындар Әуезовтің ұйымдастыруымен өтіп тұрды. Осыны ескерсек, Н.Крутильниковтің бұл жиындарға үнемі қатысып, Әуезовпен пікірлесуі заңдылық.

Сондықтан М.Әуезовтің кеңесі мен ұсынысы негізінде Крутильников Абайдың алғашқы портретін кенеп-



ке түсіру идеясына құлшына кірісті деп болжам жасауға әбден негіз бар. Әуезовтің ақыл-кеңестері арқасында суретші Абай бейнесін сомдаудың дайындық жұмыстарын мұқият жүргізе алуы шарт еді. Нәтижесінде 1924 жылы ол тұңғыш рет кенепке майлы бояумен Абайдың толық көлемді портретін салып бітіреді.

Бұл портретте Абай Шыңғыс тауының биік жотасында, үлкен қойтастың үстінде аяғын айқастырып, терең ойға шомып отырған күйі бейнеленген. Тізесіне қойылған қағазы мен қолындағы қаламы – оның рухани қаруы, ал жүзіндегі сабырлы кескін – даналық пен терең толғаныстың көрінісі. Жеңіл желіп өткен киімнің қаптарынан даланың лебі есіп тұрғанын аңғарамыз. Ал артқы фондағы көкжиек пен ұшы-қиырсыз дала ұлттың еркіндігі мен Абайдың рухани өлемін меңзеп, оның асқақ рухын паш ететін іспетті.

Біздің бүгінде көз алдымызға елестететін Абайдың классикалық образының бастауы осы туынды болса керек. Бұл Абайдың нақты бейне ретінде халыққа қайта оралуының бастамасы болды.



Санжар СЫРБАБАЕВ, суретші-өнертанушы. Ә.Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейінің ғылыми қызметкері

ХАБАРЛАМА

Құрметті аға-бауырлар, ауыл және қала тұрғындары!

Райымбек батыр музей кешенінің ашылуына дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осыған байланысты бізге ХVIII ғасыр дәуіріне тән заттар мен жәдігерлер, сондай-ақ сол кезеңнің тұрмыстық және соғыс жабдықтары қажет.

Музейге қажет үлгі заттар:

- батырлардың қару-жарақтары (қылыш, найза, айбалта, қалқан, сауыт, дулыға және т.б.);
- дәуірге тән ұлттық киім үлгілері, бас киімдер, ат әбзелдері;
- тұрмыстық бұйымдар (қазан, тостаған, ағаш ыдыстар, торсық, тері бұйымдар);

- зергерлік және әшекей заттар, ерлер мен әйелдердің сәндік бұйымдары;
- құжаттар, қолжазбалар, көне фотосуреттер, сол кезеңге қатысты материалдар мен Райымбек баба жайлы ауызекі оқиғалар.

Барлық заттар арнайы қабылдау-тапсыру актісі арқылы тіркеліп, тиісті сақтау жағдайында қорғалады. Қандай да құнды зат болса, сатып алуға дайынбыз!

Келешек ұрпаққа ата-бабамыздың мұрасын аман жеткізуге бірге атсалысайық!

Қандай да бір ақпарат білсеңіз, осы жеке нөмірге байланыса шығуыңызды сұраймыз және таныстарыңызбен осы хабарламамен бөліссеніздер.

Байланыс телефоны: 8 708 652 2303.

Райымбек батыр музей кешені



Меншік иесі – «Жас Алаш» ЖШС

WWW.ZHASALASH.KZ.

Газет сұрыптау бөлімі «ЦЭП» ЖШС, тел. 8 (727) 397-50-60.
Газет келмеген жағдайда осы нөмірге хабарласыңыздар

Директор-Бас редактор
Алмас НУСІП

Бас редактордың орынбасары
Жақсылық ҚАЗЫМҰРАТУЛЫ

Жауапты хатшы
Қуаныш ҚАППАС

Сайт редакторы
Тұрсынбек БАШАР

Әлеумет және саясат бөлімі

Қарлығаш
ЗАРЫҚҚАНҚЫЗЫ

Тілшілер:
Ақгүлім ЕРБОЛҚЫЗЫ

(Алматы)
Нұрболат ӘЛДИБЕК

(Жамбыл облысы)

Тарату бөлімі –
тел. 8 (727) 339-99-57

(газетке жазылу бойынша)
Мекенжайымыз 050002,

Алматы қаласы,
Самал-2, 58-үй, Г блогы

Қабылдау бөлімі –
тел. 8 (727) 339-99-54

Электронды поштамыз:
zhasalash100@gmail.com

Жарнама бөлімі
Телефон 8 (727) 339-99-57

Жарнама мен хабарландырудың
мазмұны мен мәтініне жарнама
беруші жауапты.

■ Редакция оқырман хаттарына жазбаша жауап бермейді, оны қайтармайды. Автордың макалалары, үндеулері, ашық хаттары редакция көзқарасын білдірмейді. «Жас Алашқа» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынған (об. 02. 2008), ол туралы №8962-Г кәуәлі берілген. Газет «Гамма-Принт» ЖШС-ның баспаханасында басылды (Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 369. Тел. 8 727-247-98-30). КӨЛЕМІ 4 БАСПА ТАБАҚ. ГАЗЕТ «ЖА» компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына екі рет –
сейсенбі және бейсенбі күндері шығады.

Тираж 7215. Апталық тираж 14 430



Тапсырыс – 1612